

Б 65.27

Е75

Л. Ж. Ерубаета

# ТУРИЗМДЕГІ САҚТАНДЫРУ



Павлодар

Б 65.34  
Е 45

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Л. Ж. Ерубәева

# **ТУРИЗМДЕГІ САҚТАНДЫРУ**

Оқу құралы

Павлодар  
Кереку  
2017

ӘОЖ 368:338.48(075.8)

КБЖ 65.271+75.81я73

Е75

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
оқу-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды**

**Пікірсапаршылар:**

А. С. Кадырова – экономика ғылымдарының кандидаты,  
Инновациялық Еуразия университетінің доценті;

Ш. Ш. Хамзина – педагогика ғылымдарының кандидаты, ЖАК  
доценті, Инновациялық Еуразия университетінің профессоры;

Д. Д. Есимова – педагогика ғылымдарының кандидаты,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың қауымдастырылған профессоры.

**Ерубасева Л. Ж.**

Е75 Туризмдегі сақтандыру : оқу құралы / Л. Ж. Ерубасева. –  
Павлодар : Кереку, 2017. – 82 б.

Бұл оқу құралында туризмдегі сақтандырудың даму тарихы,  
сақтандырудың классификациясы және туризмдегі сақтандыру  
түрлеріне сипаттамасы беріліп, Қазақстандағы туризмдегі сақтандыру  
жағдайы қарастырылған, Бұл оқу құралы 5В090200-туризм  
мамандығының студенттеріне арналған

С. Торайғыров

атындағы ПМУ-дың

академик С.Бейсембаев

атындағы ғылыми

ӘОЖ 368:338.48(075.8)

КБЖ 65.271+75.81я73

© Ерубасева Л. Ж., 2017

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

421295  
Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге  
авторлар мен құрастырушылар жауапты

## **Кіріспе**

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Мемлекет экономикасындағы сақтандырудың нарықтық қатынастар инфрақұрылымының қызмет етуінің негізгі элементі ретіндегі рөлі артуда. Бұл жерде экономикалық инфрақұрылымға сақтандыру механизмін енгізу мен мемлекеттегі сақтандыру нарығының өз инфрақұрылымын құру сияқты екі параллель үрдіс қарастырылады.

Адамдардың, шаруашылық құрылымдардың, кәсіпкерлік және коммерциялық фирмалардың, өндірістік кәсіпорындардың әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорғауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Сақтандыру нарығының экономикалық мәні материалдық немесе басқа да нұқсан келтіре алатын сақтандыру тәуекелінің болуымен шарттасылған қайта бөлушілік ақша қатынастарымен сипатталады.

Сақтандыру мәселесі және де елдегі сақтандыру нарығының жағдайын жақсарту мәселесі экономикалық мәселелер ішінде ерекше мәнге ие, өйткені дәл осы мәселе елдің өміріне оң әсер етуші қуатты факторлардың бірі болып табылады.

## **1 Туризм саласындағы сақтандыру нарығының пайда болу тарихы және туризмдегі сақтандырудың мәні мен мазмұны**

Сақтандыру қоғамның экономикалық қатынастарының сферасын бейнелейтін көне категориялардың бірі. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде пайда болып, ол біртіндеп қоғамдық өндірістің қажетті серіктесіне айналды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп – бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп-қатерлі сипаты.

Қазіргі жағдайда сақтандыру – бұл өмірдің әр түрлі салаларында барынша жиі болатын жағдайлардың теріс әсерінен аңды тұлғалар мен азаматтардың мүдделерін қорғау әдістерінің бірі. Адамдар жиі өрттерден, су тасқыны, сел және осылар сияқты т.б. жағдайлар нәтижесінде өздерінің қозғалмайтын және қозғалатын мүліктерінен айырылу мүмкіндігінен сақтануды қалайды. Кәсіпкерліктің дамуы тиісінше тәуекелдердің өсе түсуіне әкеледі, олар іскерліктегі әріптестердің сенімсіз болып шығуы, нарықтағы бағалар (құндылықтар) кенет өзгеріп кетуіне шарт бойынша әріптестердің банкротқа ұшырауына, саяхат барысындағы әр-түрлі тәуекелділіктерге байланысты болуы мүмкін шығындар болады. Өз кезегінде бұл сақтандырудың дамуына қосымша түрткі болды. Уақыт ағымында мұндай қажеттілік азаймайды, керісінше азаматтар мүліктік жағдайы жақсаруының және кәсіпкерлік дамуының, саяхатқа шығушылардың артуы салдарынан сақтандырудағы қажеттілік одан әрі өсе түседі.

Сақтандырудың түп-тамыры ежелгі ғасырлар қойнауында жатыр. б.ғ.д. III-ші мыңжылдықта вавилондықтарды теңіз шаруашылығында қарыз беру жүйесі болған, осы жүйеге сай іс зиян шегіп тоқтап қалған жағдайда қарыз қайтарылмайтын болған. Б.ғ.д. 916 жылы жалпы орта мәнін алу жүйесі енгізілген. Бұл жүйе қазіргі сақтандыру тарифтеріне сәйкес келеді. 1584 жылы қабылданған теңіз жүктерін сақтандыру тәртібі жүктерді тасып жеткізу үшін 5 % ақшалай сыйлық төлеуді қарастырған. 16 ғасырдың аяғында Англияда теңіз тасымалдарын сақтандыру 1601 жылы Парламент Актісімен бекітілді, ол саудагерлер арасындағы сақтандыру жағдайларына қатысты «Акт» деп аталады. Ұзақ уақыт бойы сақтандыру бизнесі сауда операциясының бөлігі ретінде өмір сүрін келеді. 1584 жылы сақтандыру полисінде үш сақтандырушы қол қойған, олардың бірі жарты міндетті мойнына алса, екінші жартысын қалған екеуі бөліп алған. 18 ғасырда сауда көлемінің ұлғаюы алғашқы кәсіби сақтандырушылардың шығуына әкелді. Өрттен сақтандырудың элементар түрлері орта ғасырда дамыды. Англияда 30 жылдың ішінде бірнеше тәртіпсіз компаниялар

мен бірлескен қоғамдар құрылды. Олар халықтан ақша жинаумен ғана айналысып, нақты жұмыс жасаған жоқ.

Сақтандыру ісіндегі ең маңызды оқиға 1797 жылы Орталық Еуропадағы селден қорғану жөніндегі бірлескен сақтандыру компаниясының құрылуы болды (1.1-кесте). Өмірді сақтандырумен айналысқан алғашқы компания 1706 жылы құрылған. «Достық қоғам» болды.

Ресейде 18 ғасырдың аяғына дейін отандық сақтандыру ұйымдары болған жоқ, тек шетелдік сақтандыру қоғамдарының қызметі пайдаланылады. Сөйтіп көп қаржы шетелге кетіп қалып, Ресей экономикасына зиянын тигізді. 1786 жылы Ресейде мемлекеттік сақтандыру монополиясы бекітілді. Сақтандыру экспедициясы өрттен құрылыстарды сақтандыру, оның құнының 75 % көлемінде жүргізілді. Төлемдер жылына сақтандыру соммасының 1,5 % құрады. 1827 жылы жеке сақтандыру кәсіпорындары пайда болды. 1846 жылы «Саламандра» акционерлік сақтандыру қоғамы құрылды, ол елдің жекелеген аймақтарындағы құрылыстарды сақтандыру құқына ие болды. 1835 жылы Ресейде жеке сақтандыру ұйымдастырылып «Өмір» жеке акционерлік сақтандыру қоғамы құрылды. 1875 жылы алғашқы үстемдік етуші бірлестік сақтандыру синдикаты ұйымдастырылды. Бұл синдикат 1918 жылға дейін қызмет жасады. 1864 жылы алғашқы өзара сақтандыру қоғамдары пайда болды. 1885 жылы Ресейде шетелдік сақтандыру қоғамдарына қызмет жасауға тыйым салынып тасталды. Шетел капиталының сақтандыру ісіндегі үлесі 1890 жылы 24 % жетті. Шетелдік сақтандыру қоғамдары ішкі істер министрлігі тарапынан мемлекеттік бақылауға алынды.

#### 1.1-кесте – Еуропадағы коммерциялық сақтандыру тарихын

<b>Еуропадағы коммерциялық сақтандыру тарихын негізгі үш кезеңге бөлуге болады</b>	
1 кезең (XIV–XVII ғғ.)	Капиталды алғашқы жинақтау кезеңімен байланысты
2 кезең (XVII ғ. аяғы және XIX ғ.)	Еркін кәсіпкерлік және еркін бәсекелестік кезеңімен байланысты
3 кезең (XIX ғ. аяғы және XX ғ. ортасы)	Кәсіпкерлік қызметтің монополизациясымен және капитал концентрациясымен байланысты, кейін сақтандыру бекітілген ұлттық заңмен және халықаралық келісім шарт тәртіптерімен байланысты

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесін дамыған елдердің барлығы дерлік пайдаланады. Ал ең алғашқы міндетті медициналық сақтандыру қашан және кімнің бастамасымен пайда болды. Медициналық сақтандыру тарихы. Германияда Отто фон Бисмарк тұсында жұмысшы тапқа міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыратын құқықтық нормативтік актілерді жасау қолға алынады. Германияда 1871 жылы өндірісте жазатайым жағдайдан сақтандыратын әлеуметтік сақтандыру енгізіледі, 1880 жылы медициналық көмекті қаржыландыру жүзеге асырылып, 1883 жылы ауруға шалдыққан кезде жәрдемақы берілетін болды.

1883 жылы канцлер Отто Фон Бисмарктың бастамасымен Германияда міндетті медициналық сақтандыру туралы заң шығарылады. Бұл заң бойынша белгілі бір өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлер ауыру жағдайына сақтануға міндетті болған. Сақтандыру фондтары жұмысшылардың және олардың жұмыс берушілері міндетті төлемдері арқылы қаржыландырылатын. Әлеуметтік сақтандырудың осы түріне тарихта «Пруссиялық социализм» немесе «Бисмарк моделі» атау берілген. Кейін әлеуметтік сақтандырудың осы моделін басқа еуропа елдері де қолданысқа енгізеді. 1887 жылы Австрияда, 1898 жылы Францияда, 1894 жылы Норвегияда, 1900 жылы Жаңа Зеландияда, 1901 жылы Швецияда. Бисмарк үкіметінің денсаулық сақтау саласына байланысты қабылдаған бірнеше заңнамалары әлеуметтік сақтандырудың дамуына үлес қосты. Міндетті медициналық сақтандыруға негізделген денсаулық сақтау жүйесін кейін «Бисмарктың денсаулық жүйесі» деп атап кеткен (1.2-кесте).

#### 1.2-кесте – Міндетті медициналық сақтандыру тарихының кезеңдері

<b>Ресейдегі міндетті медициналық сақтандыру тарихының кезеңдері</b>	
1 кезең (1912–1933 жж.)	Сақтандыру медицинасының қалыптасуы
2 кезең (1934–1990 жж.)	Сақтандыру медицинасының қағидаларынан бас тартып, денсаулық сақтаудың бюджеттік қамтамасыздандырылуына көшу (кеңес үкіметі кезені)
3 кезең (1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін)	Медициналық сақтандырудың пайда болуы, ел экономикасының нарықтық экономикаға көшуі

Сактандырудың басты алғышарттары болады:

- қатерлі қоғамның болуы;
- сактандыру жағдайының қалыптасуына қарай ғана сактандыру төлемдерін жасау;
- ақшалай бағалауға жататын қатерлер мен зияндарды сактандыру.

Сактандыру нарығы – бұл ерекше әлеуметтік экономикалық құрылым және де ақша айналыс шеңбері. Сактандыру сату- сатып алу кезеңдерінде объекті ретінде түседі, сондықтан да осы максатта сұраныс және ұсыныстың жүзеге асуын іс-әрекет көрсетеді. Сактандыру нарығының пайда болуы мен дамуы, бұл ойламаған әр түрлі стихиялық апаттардан және қауіп-қатерден сақтау максатында, нысанға көмек көрсетуде, сонымен қатар ақшалай камтамасыздандыруға арналған бағыт. Басқаша айтқанда, сактандыру нарығы- бұл ақшалай камсыздандыру ұйымдары мен және де ақша айналысының негізінде құрылады.

Сактандыру – қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категориялардың бірі. Сактандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды. Сактандыруға түрткі болатын басты себеп – бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп-қатерлі сипаты.

Сактандыру нарығының құрылымы институтционалды және территориялық аспектілермен белгіленеді. Бірінші звеносында, сактандыру нарығы сактандыру компанияларымен сипатталады. Өз максатында ерекше құрылымын ұсынады, сактандырудың негізгі мәмлесінің бейнелеумен жүзеге асады.

Екінші түрінде сактандыру нарығын халықаралық сактандыру нарығымен мінездес деп айтуға болады. Бұл жағдайда сактандыру нарығы халықаралық нарығы ретінде өзін көрсетіп, мұнда әр түрлі елдің сактандыру компаниялары өзін таныстырып, ұлттық, мемлекеттік, аймақтық сактандыру нарығымен, қалалардың кейбір бөліктерін қамтиды, аймақтық және аудандық болып бөлінеді.

Сактандыру нарығының негізгі қатысушыларының бірі – бұл сақтаушылар (1.1-сурет). Сактандыру үрдісінде даму кезеңдерімен байланысты нарықта бірнеше сактандыру терминдері пайда болған: олар сақтаушылар, сактанушылар, сактанушы, сактандыру объектілері, бағасы, сактандырушы. Қазіргі кезеңде осы терминдер қолдануда. Тек ғана, сактандыру терминдері пайда болып жатқан жоқ, сонымен қатар сактандыру нарығы немесе басқаша айтқанда,



сактандыру компаниялары да дамып Қазақстан Республикамызда өсімділік көрсетуде.



1.1-сурет – Сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру – әлеуметтік, қоғамдық тәуекелділіктерді реттей отырып басқарумен, сақтандыру қатынастарының тәртібін, түрлерін және шарттары заңдық негіз арқылы реттеумен шектеледі. Нарықтық

реформалардың бастапқы кезеңдерінде сақтандыру үдерісін анықтайтын ережелер болмады, бұл сақтандыру қызметінде тәжірибесі жоқ көптеген компаниялардың пайда болуына әкелді.

Ұлттық нарықтағы құрылымдық-атқарымдық сақтандыру қызметтері әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму деңгейіне және нарықтағы өзара қатысушыларға бейімделген заңдық сақтандыру негізінің жағдайына тікелей байланысты. Сақтандыру жүйесі азырақ дамыған елдердің заңдарында сақтандыру қызметтері нарығын құру және негізгі қатысушылар әрекеті туралы түсіндірулер беріледі. Бұл Қазақстанға да қатысты: «Сақтандыру қызметі туралы» заңда сақтандыру нарығы құрылымдық-атқарымдық өзара байланыстары айқын көрсетіліп толық анықтамасы келтірілмейді. 2003 жылғы 10-шілдедегі «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 10-бабына сәйкес сақтандыру нарығына қатынасушыларға мыналар жатады:

- сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдары;
- сақтандыру қоры;
- сақтандыру агенті;
- сақтанушы, сақтандырудан пайда алушы;
- уәкілетті аудиторлық ұйым;
- сақтандыруға байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы өзге жеке және заңды тұлғалар.

Бұл институттардың өзара іс-қимыл нысандары сақтандыру нарығы қосалқы жүйесінің ауқымын, мазмұнын және негізгі міндеттерін баламалы түрде көрсетуі тиіс: сақтандыру саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, сақтанушылар мен сақтандырушыларды, сақтандыру қызметтері инфрақұрылым нарығының объектілерін. Сақтандыру ісінде мемлекеттің қатысуы мемлекеттік сақтандыруды дамыту мен сақтандыру бизнесін реттеу секілді бағыттарда көрінуі тиіс.

Мемлекеттік сақтандыруға мемлекеттік бюджет пен оның шығыс бөлігін қалыптастыратын қазір заңдық және атқарушы билік органдарының қарамағындағы халықтың еңбекпен қамтылмағандарын әлеуметтік қамтамасыз етілуін қамтитын әлеуметтік сақтандыру енуі тиіс. Халықтың бұл тобына түсетін жәрдемақылар мен жеңілдіктер, олардың қоғамға енгізген еңбек үлесіне емес, адамдардың бұл санатының тек мұқтаждық және еңбеккежарамсыздық дәрежесімен анықталады.

Туристік фирмалар заңды тұлға ретінде сақтандыру компанияларының көптеген қызметтерімен қолданады. Туристік

бизнесе сақтандырудың ерікті және міндетті түрлерінің қосымша түрлері бар. Туризм жүйесінде сақтандыру келесі түрлерге жіктеледі:

- турист пен оның мүлкін сақтандыру;
- туристік фирмаларды қауіп-қатерден сақтандыру;
- шетелдік сапарларға баратын туристерді сақтандыру;
- шетелдік туристерді сақтандыру;
- азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;
- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру;
- қауіпті жағдайларда туристерге медициналық шығындарын өтеп беретін сақтандыру.

Сақтандыру ерікті және міндетті болады. Әрекеттегі құжаттарға сәйкес сақтандырудың міндетті түріне мыналар жатады:

- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру;
- көліктік сапарларды сақтандыру.

Туристерді сақтандырудың басқа түрлері ерікті болып келеді. Турист мүлкін сақтандыру турситің мүлкіне зақым келуі немесе жоғалуы үшін жауапкершілікті алады. Бұндай сақтандыру келісім-шартының әрекеті сақтанушының тұрақты тұратын жерінен шыққан кезінен басталып, оның қайтадан тұрақты жеріне келгенінде аяқталады. Бұл келісім-шарты бойынша туристің өзімен алған жеке мүліктері мен туристік мүліктер сақтандырылады. Жүк деп туристердің тіркелген және тіркелмеген зат-мүліктерін айтамыз. Сонымен қатар, туристің киіміндегі және үстіндегі заттары мен саяхат кезінде алынған заттары да сақтандыруға жатады.

Сақтандыру жауапкершілігі түрлеріне апаттар, жарылыстар, табиғаттың апатты құбылыстары, тонау, ұрлықтар және басқа да алдын ала жоспарланған қаскүнемдік әрекеттер т.б. жатады.

Туристік фирмаларды қауіп-қатерден сақтандыруға қаржылық қауіптер, туристердің, олардың туыстарының, үшінші адамдардың іздеулері жатады. Қаржылық қауіптер қатарына кіретіндер:

- коммерциялық қауіптер (төлемді өтемеу немесе кешіктіру, форс-мажорлық жағдайлармен шартты бұзуды мойындамау үшін контрагенттің айыптық санкциялары);
- фирманың банкрот болуы;
- кеден заңдарында, ақша реттеуде, төлқұжатты тексеру және кедендік құжаттамалардағы өзгерістер;
- форс-мажорлық жағдайлардың болуы;
- саяси қауіптер және т.б.

Шетелдік сапарларға баратын туристерді сақтандыру мыналарды қамтиды:

- кенеттен туристердің ауырып қалуы мен жағымсыз жағдайлар кезінде оларға жедел дәрігерлік көмек көрсету;
- туристі тиісті дәрігерлік бақылауға алатын, сапалы ем беретін жақын арадағы ауруханаға жеткізу;
- тиісті дәрігерлік бақылауға алып тұрақты тұратын жеріне жеткізу;
- ішкі дәрігерлік бақылау және туристің жанұясына хабарлау;
- дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
- дәрігер-маманның кеңестік қызметін қолдану (қажетті жағдайда);
- ауырған не қаза болған туристі тұрақты тұратын еліне жеткізу үшін көлік шығындарын төлеу;
- туристі репатриациялау;
- шетелде азаматтық және қылмыстық істерді тергеу кезінде туристерге заңды көмек көрсету.

Сақтандыру келісім-шарты жасалғанда сақтандыру сомасы баратын елге сәйкес таңдалады және төлемін қайтарудағы ең төменгі көрсеткішке байланысты жіктеледі. Қазіргі уақытта туристік сақтандыру қызметінің 2 формасы бар: компенсациялы және сервисті.

Бірінші түрінде туристің еліне қайтып келген соң оның барлық дәрігерлік шығындары төленеді. Бірақ, бұл туристер үшін өте қолайсыз, яғни турист өзімен бірге айтарлықтай ақша сомасын алып жүруі керек.

Сервисті туристік сақтандыру сақтандыру компаниясымен келісім-шарт жасай отырып, көрсетілген диспетчерлік қызмет көрсету орындарына хабарлап сақтандыру полисінің номері мен фамилияны айтып көмек ала алады.

Азаматтық жауапкершілікті сақтандырумен жеке автокөліктері, мотоциклдері және басқа көлік түрлерімен сапар жасайтын туристер қолданады. Бұл сақтандыру түрі, сонымен бірге, сақтандыру объектісі сақтанушының үшінші адам алдында жауапкершілігі болған кезде қолданылады.

Міндетті жеке сақтандыру келесі жолаушыларға таралмайды:

- халықаралық қатынастардағы барлық көлік түрлеріндегі;
- қала айналасы қатынастарындағы теміржол, теңіз, ішкі су және автомобиль көліктеріндегі;
- ішкі қала қатынастары мен өткелдердегі теңіз және ішкі су көліктеріндегі;
- қала маршруттарындағы автомобиль көліктеріндегі.

Шетелдегі туристі қауіпті жағдайлардан сақтандыру, әдетте, келісім-шартта келісілген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асады, ал шығынын қайтарып алу төмендегідей:

- 3 топты мүгедектікте – сақтандыру сомасының 50 %;
- 2 топты мүгедектікте – сақтандыру сомасының 75 %;
- қаза болу – сақтандыру сомасының 100 %.

Сапар болмай қалса туристердің шығындарын сақтандыру келісім-шартында келісілген сақтандыру сомасы негізінде төленеді. Сапар келесі себептер бойынша болмай қалса, онда сақтандыру сомасы толық не жартылай төленеді:

- туристің өзінің немесе оның жанұя мүшелерінің, жақын туыстарының бірінің қаза болуы немесе денсаулығының кенеттен нашарлауы;

- қоршаған ортаның немесе үшінші адамдар әрекеттерінен туристің мүлкінің зақымдалуы;

- жоспарланған сапар болар кезінде туристің соттық талқылауларға қатысуы;

- әскери міндетін орындауға шақырылу;

- кіру визасын ала алмау;

- келісім-шартта көрсетілген басқа да себептер.

Сақтандырудың өзіндік айрықша түрлеріне көліктің айтарлықтай уақытқа бөгелуі, сақтанушы адамның демалыс кезінде қолайсыз ауа райында болуы және тиісті туристік қызметті толық немесе мүлдем көрсетпеу жатады.

## 2 Туризмдегі сақтандыру түрлері мен қызметтері

**Сақтандыру** – экономикада өте маңызды орын алады. Ең маңыздысы ол адам өмірің неше түрлі жағдайдағы қауіпсіздігін қорғайды. Экономикалық қарым-қатынастың түрлі адаммен өндірістік процес арасында қалыптасады. Жеке тұлға мен заңды тұлғаның шеккен зияны мен шығынды қайта қалыптастыруға мүмкіндік береді, шеккен зиянды қайта қалпына келтіріу, сақтандыру қорындағы қаржы қаражаттарымен қайтарады.

Қарапайым тілмен айтқанда сақтандыру-халықтың жеке және шаруашылықтық мүлдіктік мүдделерін табиғи апаттан немесе басқада белгісіз төтенше салдардан болатын шығындардан арнайы мақсатты қор құру арқылы сақтандыру. Оның негізгі қайнар көзі сақтандырушылардың сақтандыруға төлеген төлемі.

### **Сақтандырудың қызметтері:**

- сақтандыру қызметінде қаржы және несиені байланысиратын жағы бар, экономикада бұл қызмет өзіне лайықты міндетін атқарады. жалпы қызметте мыналарды атап айтуға болады;

- ақша қаражаттарындағы мамандандырылған сақтандыру қорларын қалыптастыру;

- шеккен зияны мен шығыны бар азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету.

Сонымен қатар қаржы саласындағы бөлу қызметін атқарады:

- тәуекелдік қызметі;

- ескертіу қызметі;

- бақылау қызметі;

- жинақтау қызметі.

### **Сақтандыру ұйымдарының топтастырлуы келесідей:**

Сақтандыруды топтастыру өз алдына ғылыми жүйе құрады. бұл олардың атқаратын қызметтер мен салаларна байланысты.

Ұйымдастырудың түрлеріне байланысты сақтандырудың түрлері былай бөлінеді:

- мемлекеттік сақтандыру;

- акционерлік сақтандыру;

- өзара сақтандыру;

- кооперативтік сақтандыру;

- медициналық сақтандыру.

**Сақтандыру объектісі** – қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындау барысында оның өміріне және денсаулығына келтірген зияны үшін, жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып, қызметкердің

енбек (қызмет) міндеттерін орындау барысында оның өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша туындаған міндеттемелеріне байланысты жұмыс берушінің мүліктік мүддесі табылады.

Салалық нышаны бойынша өмірді сақтандыру нарығын (сонымен бірге сақтандырудың барлық ұзақ мерзімді түрлері: зейнетақыны, денсаулықты, аннуитет және т.б. жатады), мүлікті сақтандыру нарығын, жауапкершілікті сақтандыру және де жазатайым уақиғалардан сақтандыру нарығын бөледі. Сақтандырудың «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» сияқты екі саласы белгіленген.

**Масштабы бойынша:** ұлттық, аймақтық және халықаралық сақтандыру нарықтарына бөледі.

**Ұлттық сақтандыру нарығы** – жеке мемлекеттегі сақтандыру ұйымдарының қызмет ету ортасы. Ұлттық сақтандыру нарығы сақтандыру ұйымдарынан, арнайы қайта сақтандырушы ұйымдардап, сақтандыру брокерлері мен агенттерінен тұрады. Ұлттық сақтандыру нарығындағы барлық қызмет ұлттық сақтандыру заңы шегінде жүргізіледі. Бұл заңның орындалуын бақылау мемлекеттік сақтандыруды бақылау органына жүктелген. Ең ірі ұлттық сақтандыру нарықтары АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда және басқа да бірқатар елдерде қалыптасқан. Ұлттық сақтандыру нарығында Үкіметте, бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық келіссөздерде сақтандыру ұйымдарының ұжымдық мүдделерін ұсынатын ұлттық сақтандыру ассоциациялары қызмет етеді.

**Аймақтық сақтандыру нарығы** өзара интеграциялық байланыстармен байланысушы жеке аймақтардың сақтандыру ұйымдарын, ұлттық нарықтарын біріктіреді. Ең ірі аймақтық нарық болып Солтүстік Американың сақтандыру нарығы (АҚШ, Канада) саналады. Еуропалық экономикалық одақтастықтың сақтандыру нарығында терең интеграциялық процесстер жүруде. Бұл «Еуропалық экономикалық одақтастықтың ортақ сақтандыру нарығын» құру туралы жоспарды жүзеге асырумен байланысты. Еуропалық экономикалық одақтастықтың ұлттық сақтандыру заңдарын толық сәйкестендіру көзделген.

**Халықаралық сақтандыру нарығы** – бұл ұлттық және аймақтық сақтандыру нарықтары жиынтығы. Мұндай мағынада халықаралық сақтандыру нарығы ретінде халықаралық сақтандыру операцияларының едәуір үлес салмағымен сипатталатын жергілікті сақтандыру нарықтары қарастырылады (Нью-Йорк, Лондон, Цюрих) .

Қайта сақтандыру арналары бойынша және брокерлер арқылы ірі тәуекелдер көптеген халықаралық және аймақтық сақтандыру нарықтары арасында бөлінеді. Мүдделерді сәйкестендіру және сақтандыру ұйымдарының жалпы проблемаларын шешу мақсатында халықаралық сақтандыру одақтары (техникалық тәуекелдерді сақтандырушылардың халықаралық одағы, теңіздік сақтандырушылардың мемлекеттік одағы және тағы басқалар) қызмет етеді.

Сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары болып мемлекеттік сақтандыру, акционерлік қоғамдар жүргізетін сақтандыру және өзара сақтандыру табылады.

Мемлекеттік сақтандыру – бұл сақтандырушы ретінде мемлекеттік ұйым бой көрсететін сақтандыру нысаны. Мемлекеттік сақтандыру сақтандырудың барлық түрлерін жүргізудегі мемлекеттің абсолютті монополиясы жағдайында, сақтандырудың жеке түрлеріне мемлекеттік монополия жағдайында немесе қандай да бір мемлекеттік сақтандыруда монополиясы жоқ болған жағдайда жүргізілуі мүмкін. Қазір ТМД елдеріндегі сақтандырудың дамуы соңғы нұсқаға жақындауда. Бірақ, мемлекеттік сақтандырудың кейбір түрлерін жүргізудегі басымдылығының болу мүмкіндігін ұмытпаған жөн.



2.1-сурет – Сақтандыру түрлері

**Жеке сақтандыру** – Жеке сақтандыру деп сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынасты айтамыз.

Туристерді жеке сақтандыру бойынша сақтандырушылар жеке де, заңды да тұлғалар болса, ал сақтанушы тек турист болады. Жеке сақтандыру әрқашан тұлғамен (адаммен) байланысты болады.



Мысалы, туристік фирма (заңды тұлға) сақтанушылар ретінде жұмысшыларын өзінің қаржысы есебінен жеке сақтандыруды жүзеге асырады. Сақтанушы туристер ретінде 16 жастағы балалардан 80 жасқа дейінгі адамдар бола алады. Әрбір адам өзінің тұлғасымен байланысты мүдделерін қорғауға құқығы бар. Жеке сақтандыруды мүлктік мүддені қорғау ретінде қарастыруға болады.

Туристерді жеке сақтандыру мазмұны жағынан мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамтамасыз етудің қосымша бір түрі болып табылады. Сондықтан да, сақтандыру төлемі басқа сақтандыру келісім-шарттары юйынша есептелгенсомаға байланыссыз сақтанушыға немесе үпінпі тұлғаға төленеді.

Туристердің жеке сақтандыру келісім-шарты бойынша сақтандыру сомасы сақтандырушымен келісілген кез-келген мөлшерде бекітіледі.

Сақтандыру жағдайы келісім-шартта көрсетілген жағдайларға, сақтандыру шарттары мен ережелеріне сай келсе, сақтандыру төлемі төлснеді.

Туристерді сақтандыру оқиғаларына туристік жолдамада көрсетілген орындар да ғана болған сәтсіз жағдайлар (улану, жаракаттану т.б.), кенеттен туристің ауырып қалуы, қаза болуы жатады.

Туристердің жеке сақтандыруындағы сақтандыру оқиғалары қатарына ұзақ уақыттан келе жатқан, жұқпалы, рецидивті (жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, туберкулез, тіспротездік және басқа да) аурулар жатпайды.

Біздің елімізде туристерді сақтандыру ерікті іс болғандықтан, турист туристердің сақтандыруымен айналысатын кез-келген сақтандыру компаниясынан сақтандыру полисін ала алады. Турист келісім-шартқа отырар алдында ол сақтандырудың шарттарымен міндетті түрде танысуы қажет, қандай сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру жүргізілетінін де білуі шарт. Турист көрсетілген шарттарды толық немесе мүлдем орындамаса, онда сақтандырушы сақтандыру сомасын төлемеуі мүмкін.

Туристердің жеке сақтандыру шарттарында сақтандыру жауапкершілігі таралмайтын санкциялар да көрсетіледі. Мысалы, ауырған, апатты жағдайлар және өлімі кезіндегі санкцияларға туристің әдейі істеген істері (ішімдік, немесе наркотик қолдануы, төбелестерге, митингтерге, көтерілістерге қатысуы, өзін-өзі атуы немесе олтіруі) жатады.

Шетелге шығатын туристің жеке сақтандыруы, әдетте, ерікті медициналық сақтандыру ретінде болады. Ол шетелде болған қауіпті

жағдайлардан алған дене жаракаттары, кенеттен болған аурулардан сақтандырады. Медициналық сақтандырудың келісім-шарты саяхат кезінде адамның толық саулылығын, ешқандай дене жаракатын алмаудыжәне ұзақ уақытты рецептивті ауруларға шалдықпауын қарастырады.



2.2-сурет – Жеке сақтандыру түрлері

**Өмірді сақтандыру** – жеке басты сақтандырудың (өзіндік сақтандырудың) кіші саласы. Оның жіктелімдік белгісі – сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткенде, қайтыс болған жағдайда немесе сақтандыру шарты аяқталғанда сақтандырушы сақтандыру талаптарында белгіленген ақшалай соманы төлеуі. Өмірді сақтандыруда негізінен тек межелі жасқа жеткенде және қайтыс болғанда ғана төлем төлеу міндеттемесі көзделеді. Сақтандыру шартында аталмыш екі тәуекел біріктіріліп, сақтандырылушы еңбек ету қабілетінен айрылғанда төлем төлеу міндеттемесімен толықтырылуы мүмкін. Межелі жасқа жеткенде немесе еңбек ету қабілетінен айрылғанда сақтандырылушыға сақтандыру қамсыздандырмасы төленеді, ал қайтыс болған жағдайда пайда алушыға төленеді. Өмірді сақтандыру шарттары кемінде бір жыл мерзімге жасалады.

Кез келген кәсіпкерліктің сонымен қатар туристік бизнестің ажырамас қыры тәуекелділіктер болып келеді. Бұл тәуекелділіктер пайда болу себіне қарай, таралу кендігіне қарай тағы басқа көрсеткіштері бойынша жіктеледі, бірақ олардың ортақ біріктіретін пайда болғаннан кейінгі негативті салдардың болуы (2.1-кесте).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
 АЛМАТЫ АКАДЕМИК С. Бейсембай  
 атындағы ғылыми  
 КІТАПТҰХАНАСЫ

Жеке сақтандырудың классификациясы:

1) өмірді сақтандыру:

- аралас;
- қайтыс болған жағдайда;
- жасына жетуді;
- балаларды;
- үйленуді т.б.

2) Аннуитетті сақтандыру:

- ренталарды;
- зейнетақыларды;
- табыстарды т.б.

3) Денсаулық пен еңбек қабілетін сақтандыру:

- қолайсыз жағдайлардан;
- уақытша еңбек қабілетсіздігінен;
- мүгедектіктен;
- медициналық т.б.

Туристік бизнес – тәуекелділігі ең жоғары кәсіпкерліктің бір түрі болып саналады.

Салдардың сипаты бойынша:

- өте қиын жағдай (саяхат барасындағы өлім т.б.);
- қиын (маңызды материалдық шығындар (жоғалту), қиын салдары бар әр-түрлі аурулар);
- орташа қиындық (материалдық шығындар, аз уақыт ауырып калу);
- маңызды емес (маңызды емес материалдық шығын (жоғалту), жеңіл сырқат, психологиялық жағынан жағымсыз көңіл күй).

Ұзақтығы бойынша:

- ұзақ мерзімді (ұзақ уақыт емделу, ұрланған құжаттарды қалпына келтіру т.б.);
- қысқы мерзімді (жағымсыз жағдайлар).

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларға саяхаттары, жарыстарды ұйымдастыру, даярлау және өткізу шаралары жатады: қатысушылар мен жетекшілердің көп қырлы дайындығы, маршруттарды, жарыс, жаттығу орындарын дайындау, туристік топтардың материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыздануы, туристік консультацияларды, тексеру мен бақылауды ұйымдастыру, жәрдем беру, іздеу-құтқару жұмыстарын өткізу.

## 2.1-кесте – Қауіп түрлері

Классификациялық сипаты	Қауіп түрлері	Қауіптің ерекшелігі
Ұзақтығы бойынша	Қысқа мерзімді	Белгілі бір уақыт аралығында қауіп (транспорттық, белгілі бір келісім шарт бойынша төлемеу қауіп)
	Әрдайым	Берілген географиялық аймақта немесе белгілі бір экономиканың саласында (құқықтық жүйе дұрыс қалыптаспаған мемлекетте төлемеу қауіп, сейсмикалық аумақта ғимараттардың бұзылуы) әрдайым қауіп төнуі.
Құрылымы бойынша	Мүліктік	Кәсіпкердің әртүрлі жағдайларға байланысты мүлктен айырылу мүмкіндігі: Ұрлық, диверсиялар, немқұрайлық, техникалық және технологиялық жүйенің асқынуы т.с.с
	Өндірістік	Әртүрлі жағдайларға байланысты өндірістің тоқтауынан шығынға батуы және өндіріске және техника мен технологияны енгізу барысындағы қауіп.
	Сауда-саттық	Тауардың жетпей қалуы, тауарды тасымалдау барысында төлемақыдан бас тартуы, төлемақының мезгілінде төленбеуі т.с.с жағдайлармен байланысты.
	Материалдық	Материалдық ресурстарды жоғалтумен (ақшаны жоғалтумен) байланысты
Пайда болу факторы бойынша	Саясаттық	Өндіріске әсер ететін саясаттық жағдайлармен байланысты (шекараның жабылуы, тауарларды шетелге шығаруға тыйым салынуы, мемлекет территориясында әскери іс-қимыл және т.с.с)
	Экономикалық (коммерциялық)	Өндіріс немесе мемлекет экономикасының жағымсыз жаққа өзгеруімен байланысты
Шешімдерді қабылдау дәрежесі бойынша	Макроэкономик алық (ғаламдық)	Мемлекет, аймақ, сала және т.с.с масштабтарында
	Фирманың дәрежесінде (локальдық)	Бір фирманың масштабында


Қауіп-қатер себептері шартты түрде төрт топқа бөлінеді:

- 1 топ: табиғи қауіп-қатерлер;
- 2 топ: материалдық-техникалық қамтамасыздандудың қателіктері мен жетіспеулігі;

- 3 топ: саяхатты дұрыс ұйымдастырмау;
- 4 топ: медициналық сауатсыздық, тәжірибе мен тактикалық-техникалық дайындықтың жетіспеуі, тәртіпсіздік.

Табиғи қауіп-қатерлері:

- жер сілкінісі, қар мен тас көшкіні, мұз бен қар кертпештердің құлауы, мұздағы жарықтар, сел, тау өзендері;
- ауа райының қолайсыздығы – жел, найзағай, ауа температурасы мен ылғалдылығының шұғыл өзгерісі, жауын, қар, күн сәулелері, қараңғылық.



2.3-сурет – Туристердің қауіпсіздігіне әсер етуші факторлар

Туристердің қауіпсіздігіне әсер етуші факторлар:

- саяхат барысында болатын қауіпті аурулар (әсіресе экзотикалық елдерде);
- экстримальді, спорттық яғни белсенді туризм барысында алатын жаракаттар (ең алдымен альпинизм, өрмелеу, таулы шаңғы, сноубординг, дайвинг);
- қылмыс жағдайлары мен шаралары (террорлық әрекет, өлтіру, тонау, ұрлық, т.б. қылмыс түрлері), кейбір елдерде (Бразилия, Кипр, Тайланд) шетелдік туристерді қорғау үшін қосымша шаралар жүргізіледі;
- транспорттың жағдайы (әуе, су, жер транспорттары), саяхат барысында әр-түрлі авариялар мен катастрофалар болуы мүмкін;
- табиғи апаттар (жер сілкіну, жанартау атқылау, су тасқыны, цунами, дауыл, сел, қар көшкіні, өрт);

- саяхатқа барған елдерде ішкі саяси жағдайдың ушығуы;
- адам факторлары (туристердің мәдени құқығының жеткіліксіздігі, олардың жеке қауіпсіздігінің толық білмеуі) (2.3-сурет).

**Туристерді сақтандырудың келесі түрлері бар:**


- медициналық;
- өмір және денсаулық;
- мүліктік;
- транспорттың кешіккен жағдайынан;
- туристің демалыста болған кезіндегі қолдайсыз ауа-райынан сақтану;
- ассистанс;
- туристке жеткіліксіз немесе мүлде қымет көрсетпеген жағдайдан;
- шоп-тур барысындағы кедендік тәртіп бойынша мүліктік тәуекелділіктен, тауар конфискациясынан немесе шекарадан өткізбей қалған жағдайдан сақтану;
- саяхатты жасауға мүмкіндік бермейтін шығындардан сақтану;
- авто транспорт иесінің ауапкершілігінен.

Туризмдегі осы сақтандыру түрлерінің кейбіреуіне тоқталайық.

**Медициналық сақтандыру** – әлеуметтік сақтандырудың бір бөлігі ретінде қоғамдық қатынастарының денсаулығын қорғау мақсатында қаралатын медициналық категориялардың бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, денсаулығының және әлеуметтік жағдайының барлық жағын қамтиды. Медициналық сақтандыру – денсаулық сақтаудағы халықтың мүддесін әлеуметтік қорғаудың түрі, медициналық көмек қажет еткенде сақтандырылған жағдай бойынша науқасқа жинаған қаржы кепілдік болады (2.4-сурет).

**Туристердің медициналық сақтандырылуы келесі шығындарды өтейді:**

- медициналық қызметтер;
- стационардағы қызметтер;
- жедел жәрдеммен тасымалдау;
- дәрі-дәрмектерді сатып алу;
- оқыс жағдайда немесе кенеттен ауырып қалған жағдайда ауруды күту;
- науқасты репатриациялау кезінде отанға жеткізу.



2.4-сурет – Медициналық сақтандыру

Медициналық сақтандыру екі түрде – міндетті және ерікті болып жүргізіледі. Міндетті медициналық сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады. Ол медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес барлық ел азаматтарына медициналық және емдік көмек алуда тең мүмкіндіктер береді. Ерікті медициналық сақтандыру медициналық сақтандыру бағдарламасы негізінде іске асырылады. Ол азаматтарға міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасы белгілеген қызметтердің үстіне қосымша басқа да медициналық қызметтерді көрсетеді. Ерікті сақтандыру топтық және жеке түрде болуы мүмкін.

Медициналық сақтандырудың келесі түрлері болады:

- амбулаторлық ем алу шығындарының;
- хирургиялық шығындарының;

- ауруханада бөлу шығындарын;
- ауруға диагноз қою шығындары бойынша сақтандыру.

Шетелге шығушы туристерге берілетін сақтандыру полистерінде көрсетілген сақтандыру кодтары бойынша қызметтер кешені көрсетіледі және де ол сақтандыру полисінің құнына кіреді.

Сақтандыру туристік өнімнің ажырамас бөлігі. Адамның кез келген іс-әрекеті кезінде оның денсаулығына, зат-мүлкіне, интеллектуалды меншіктеріне, қаржы-қаражатына зиян келтіретін қауіп-қатерлі жағдайлармен түйіндес келеді. Тіпті, бұндай жағдайлардың қашан болатындылығы да, тиетін зияндылығының көлемі де белгісіз болады.

Шетелге барғанда турист кез-келген уақытта экстремальді жағдайға тап болуы мүмкін. Мысалы, климаттың ауысуы, судың химиялық құрамының өзгеше болуы, тамақтану тәртібінің басқашалығы т.б. өзгерістердің қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Осындай қауіп-қатерлер қоғамды олардан алдын ала сақтандыру үшін іс-шараларды жүзеге асыруға мәжбүрлейді.

Туристің қауіпсіздігі көптеген факторлармен қамтамасыз етіледі. Олардың ішінде сақтандыру маңызды орын алады. Туристің ауырып қалу және сәтсіз жағдайларға ұшырауына байланысты мәселелер турист пен сақтандыру компаниясы арасында жасалған келісім-шартында көрсетілген тәртіп бойынша шешіледі. Осылай туристік фирмалар өздерінен туристердің қауіпсіздігі үшін жауапкершіліктерін алып тастайды. Ол жауапкершілікті сақтандырушыға жүктейді.

Сақтандыру дегеніміз – бұл қандай да бір жағдайдың болған кезінде сақтандыру төлемдерінен құралған ақша қоры есебінен жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау бойынша қатынастары.

Сақтандыруға келесі өзіндік белгілері тән:

- материалдық зақым әкелетін қауіпті жағдайдың болуы
- болған зақымның өтелуі арқылы жеке және заңды тұлғалардың объективті қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- сақтандыру төлемінің сақтандыру өтеуі ретінде қайтарылуы.

Сақтандырудың мәні жағымсыз жағдайлардың әсерінен болған зақымдар шығынын төлетіп алуда.

Сақтандыру міндетті және ерікті түрде жүргізіледі.



2.2-кесте – Туризмде қолданылатын сақтандыру түрлері

<b>Туризмде қолданылатын сақтандыру түрлері</b>	
Қауіпті жағдайлардан сақтандыру	Жеке Балаларды сақтандыру Занды тұлға қаражаты арқылы, коллективті сақтандыру Жолаушыларға арналған міндетті сақтандыру
Медициналық сақтандыру	Шет елге шығатын азаматтар үшін Елде уақытша тоқтаған, шет елдік азаматтар үшін
Жауапкершілік сақтандыру	Автомашиналар иелеріне арналған сақтандыру Тасымалдаушылар




2.5-сурет – Сақтандырудың міндетті және ерікті түрде жүргізіледі

Сақтандыру келісім-шарты дегеніміз – бұл төтенше жағдайлар болған кездерде өзара құқықтары мен міндеттерін орындау шарттары көрсетілген сақтандырушы мен сақтанушының арасындағы екіжақты келісім.

Сақтандыру келісім-шарты бойынша бір жақ (сақтандырушы) келісім-шартта көрсетілген жағдайлар туған кезде екінші жаққа (сақтанушыға) сақтандыру шығынын төлеп беруге міндетті.

Сақтандыру келісім-шарты сақтанушының арызы негізінде жазбаша түрде жасалады. Келісім-шарт жасалған соң сақтанушыға сақтандыру полисі беріледі. Сақтандыру (қуәлігі) полисі сақтандыру келісім-шартының жасалғанын растайтын құжат болып табылады.



2.6-сурет – Кездейсоқ жағдайлардан және аурулардан сақтандыру

Сақтандыру полисі орыс және баратын елдің мемлекеттік тілінде әзірленуі керек. Егер тур бірнеше мемлекеттерде болатын болып сақтандыру полисі тек орыс және ағылшын тілдерінде ғана жасалған жағдайда туындайтын мәселелерді де нақты шешіп алу керек. Егер жағдай туристік фирмамен жасалған келісім-шартта көрсетілмесе, бұндай жағдайда барған мемлекеттің тіліне аударылмаған сақтандыру полисінің заңды күші болмай, туристің ауырған немесе қауіпті жағдайға тап болған кезінде ешқандай қорғаныссыз қалады.

Сақтандыру келісім-шарты келесі жағдайларда ісін тоқтатады:  
 - келісім-шарт мерзімінің бітуі;

- сақтандырушының сақтанушы алдында міндеттерін толығымен орындап аяқтауы;
- сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі;
- сақтанушының жойылуы немесе сақтандырушының қаза болуы;
- бекітілген заңдылықтар тәртібінде сақтандырушының жойылуы;
- сот шешімінің келісім-шартты жарамсыз деп табуы.

Сақтандыру келісім-шарты сақтандырушы мен сақтанушының талантары бойынша мерзімінен ерте тоқтатылуы және екі жақтың келісімі бойынша да тоқтатылуы мүмкін. Туризмдегі сақтандырудың мақсаты туристік қызметтер кезіндегі қауіпті жағдайлардан болған зақымдардың шығынын өтеп беру болып табылады.

Бүкіл әлемде туристік фирмаларды, туристерді және саяхатшыларды мүліктік сақтандыру тәжірибесі ертеден келеді. Халықаралық және ішкі туризм сақтандыру үрдісізсіз мүмкін емес. Сақтандыру полисі – бұл туристерге қауіпсіздік пен қолайлылыққа кепілдік беретін туристік сервистің қажетті құрамдас бөлігі

Туристердің өздерімен алып жүрген және саяхат кезінде қолданатын мүліктерін сақтандыру оларға қауіпсіздік пен қолайлылықты қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде АҚШ-да 8 мыңнан аса компаниялар тек қана мүліктік сақтандырумен айналысады.

Туристердің мүліктерін сақтандыруға сақтанушы мен оның жанұя мүшелерінің өздерімен бірге немесе көлікпен тасып жүрген жеке пайдаланатын заттарын (кинокамералар, фотоаппараттар, киімдер т.б.) және туристік мүліктерді (спорттық, тау-шаңғылық, су сәруендік т.б.) жатқызады.

Туристік фирмалар заңды тұлға ретінде сақтандыру компанияларының көптеген қызметтерімен қолданады. Туристік бизнесте сақтандырудың ерікті және міндетті түрлерінің қосымша түрлері бар. Туризм жүйесінде сақтандыру келесі түрлерге жіктеледі:

- турист пен оның мүлкін сақтандыру;
- туристік фирмаларды қауіп-қатерден сақтандыру;
- шетелдік сапарларға баратын туристерді сақтандыру;
- шетелдік туристерді сақтандыру;
- азаматтық жауапкершілікгі сақтандыру;
- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру;
- қауіпті жағдайларда туристерге медициналық шығындарын өтеп беретін сақтандыру.

Сақтандыру ерікті және міндетті болады. Әрекеттегі құжаттарға сәйкес сақтандырудың міндетті түріне мыналар жатады:

- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру;

- көліктік сапарларды сақтандыру.

Туристерді сақтандырудың басқа түрлері ерікті болып келеді. Турист мүлкін сақтандыру турситің мүлкіне зақым келуі немесе жоғалуы үшін жауапкершілікті алады. Бұндай сақтандыру келісім-шартының әрекеті сақтанушының тұрақты тұратын жерінен шыққан кезінен басталып, оның қайтадан тұрақты жеріне келгенінде аяқталады. Бұл келісім-шарты бойынша туристің өзімен алған жеке мүліктері мен туристік мүліктер сақтандырылады. Жүк деп туристердің тіркелген және тіркелмеген зат-мүліктерін айтамыз. Сонымен қатар, туристің киіміндегі және үстіндегі заттары мен саяхат кезінде алынған заттары да сақтандыруға жатады.

Сақтандыру жауапкершілігі түрлеріне апаттар, жарылыстар, табиғаттың апатты құбылыстары, тонау, ұрлықтар және басқа да алдын ала жоспарланған қаскүнемдік әрекеттер т.б. жатады.

Туристің жүгін сақтандыру қазіргі таңда кең тараған сақтандыру түрлерінің бірі. Жүкті сақтандыру – жүктің немесе оның бір бөлігінің жоғалған немесе бұзылған жағдайда шығынын өтейді. Жүкті сақтандыру келісім-шарты туристің шетелде болған мерзіміне сәйкес күшіне енеді, бірнеше саяхатқа келісім-шарт жасауға да болады.

Келесі тәуекелділіктерден сақтандырады:

- үшпші жақтың қасақана заттарды бүлдіруі;
- оқыс жағдайларда, жол апаты, табиғи апаттарда жүктің бұзылуы;

- жүктің ұрлануы, тонау және әшкерлеу жағдайында.

Қазіргі кезде сақтандыру ісі көптеген елдерде кең таралып келеді. Көптеген сақтандыру компаниялары мен фирмалары құрылды, бірақ олардың кейбіреулері ғана шетелдік сапарға баратындарды сақтандырумен айналысады. Іс-сапар немесе туристік саяхатқа шетелге барған туристке кенеттен қауіпті жағдайлар төнуі мүмкін. Қысқа мерзімді саяхаттарды бұндай жағдайлардың болу мүмкінділігі азырақ (100–150 туристке 1–2 жағдайдан). Ең жиі қауіпті жағдайларға мүлікті ұрлау немесе оның жоғалуы, тонау, автокөлік апаттарынан сақтанушы мен 3-ші тұлғаларға қарсы әртүрлі іс-әрекеттер әсерінен мүліктің бұзылуы, сынуы жатады.

Сақтандыру ұйымдары мен туристер және туристік фирмалар арасындағы құқықтық қатынастар әрбір сақтандыру ұйымының дербес әзірлеген сақтандырудың жалпы Ережелері негізінде жасалған сақтандыру оқиғасының нақты түрінің Ережелері мен мүліктік сақтандыру келісім-шартында толығымен бекітіледі.

Туристерді тасымалдау қауіпсіздігі. Авиатасымалдау қауіпсіздігі – авиакомпанияларының өздерінің сөзсіз ерекше құқығы. Бұндай

көпсалалы міндеттер көптеген мамандандырылған қызметтер көмегімен шешіледі (қарапайым техникалық мәселелерден терроризмді болдырмауға дейін). Сонымен қатар, бір мезгілде ұшу қауіпсіздігі көптеген жағдайларда жолаушылардың өздеріне байланысты болады.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушылар мен экипаж мүшелерінің өмірі мен денсаулықтарын қорғау мақсатында азаматтық авиация, милиция, кеден мекемелері мен шекара орындарының жолаушылардың жеке және жүктерді тексеруге құқылары бар.

Туристер тексеру жүргізудің мақсаты, ұшу көліктерінде тасымалдауға рұқсат етілмейтін заттар және тасымалдау ережелерін бұзған жағдайлардағы жауапкершіліктер туралы алдын ала ақпараттандырылуы керек.

Жүк ретінде мына заттарды тасымалдауға рұқсат етілмейді:

- суық қару-жарақтардың барлық түрлері;
- жарылғыш заттар мен жару құралдары;
- қауіпті тудыратын газдар;
- уландырғыш заттар;
- коррозиялы заттар.

Әуежайда, ұшу алаңы мен ұшу кездерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында туристерді мыналар туралы ақпараттандыру қажет:

- бөгде адамдардан тасымалдау үшін заттар мен жүктер алудың рұқсат етілмеуі;

- турист заттарын өзінің салуы немесе өзінің жеке қарауымен салдыруы;

ұшу көліктерінде темекі шегуге рұқсат етілмеуі;

- жүктерді тексеру кезінде жолаушының болмауынан оның жүктерінің тасымалға жіберілмеуі;

- жолаушының мас болуынан ұшуға жіберілмеуі;

- жүкке өзінің фамилиясы, аты және әкесінің атын жазып қоюы.

Автокөлік оқиғаларының анализдері бойынша алсақ, көптеген апаттар жүргізушілердің жолда жүру ережелерін бұзуынан болатынын көрсетеді. Қозғалыс қауіпсіздігі автокөліктің дұрыс техникалық жағдайы, жүргізушінің квалификациясы мен саяхатқа апарған елдің жол қозғалыс ережелерін білуімен қамтамасыз етіледі.

Автобус техникалық жағынан дұрыс жөндеуден өткізілген, қалыпты жылу және вентиляция жүйелерінің болуы, жанар жағар маймен толық толтырылған, қатты сөйлеуге арналған құралдармен жабдықталған, ішкі және сыртқы тазалығын сақталуы, дәрі-дәрмек жәшікшелерінің болуы тиіс. Автобусты қолдану ережелері айқын

көрінетін жерлерде болуы керек. Автобустың дұрыс жұмыс істеп тұрғаны оның сапарға шығар алдында жүргізуші мен механиктің қолдарымен жол қағазында бекітіледі.

Еуропалық конвенцияның көліктердің жұмыстары бойынша қабылданған шешіміне сәйкес халықаралық тасымалдауға жүргізілетін 9 орыннан асатын барлық автобустар міндетті түрде тахографтармен жабдықталуы керек делінген. Егер онымен жабдықталмаса, онда автобус жұмысқа жіберілмейді. Тахограф дегеніміз – бұл автобус пен жүргізуші жұмысын есепке алып бақылау жүргізуге арналған құрал. Ол автоматты түрде қозғалыс жылдамдығын, жүрген уақытты, автобустың жүрісін, жүргізушінің еңбек және демалыс уақыттарын көрсетін және жазып тұрады. Жазбалар диаграммалы дисктерде жазылып, жүргізушінің жұмыс күнінің толық суреттемесін береді.

Автобус жүргізушілері қозғалысты ұйымдастыру және маршрутқа қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ақпараттары бар құжаттың мазмұнын білуі тиіс. Онда мыналар көрсетіледі:

- жол маршруты;
- маршруттың графикалық сызбасы;
- маршрут бойынша жол құрылыстарының болуы;
- аялдама пунктері, олардың арақашықтықтары;
- автобустың қозғалыс уақытының есебі;
- жол түрлері мен жағдайы және т.б.

Туризм жүйесінде сақтандыру келесі түрлерге жіктеледі:

- турист пен оның мүлкін сақтандыру;
- туристік фирмаларды қауіп-қатерден сақтандыру;
- шетелдік сапарларға баратын туристерді сақтандыру;
- шетелдік туристерді сақтандыру;
- азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;
- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру;
- қауіпті жағдайларда туристерге медициналық шығындарын өтеп

беретін сақтандыру.

Туристерді жеке сақтандыру

Жеке сақтандыру – сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынасты айтамыз.

Сақтандыру дегеніміз бұл – қандай да бір жағдайдың болған кезінде сақтандыру төлемдерінен құралған ақша қоры есебінен жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау бойынша қатынастары.

Сактандыруға келесі өзіндік белгілері тән:

- материалдық зақым әкелетін қауіпті жағдайдың болуы;
- болған зақымның өтелуі арқылы жеке және заңды тұлғалардың объективті қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- сактандыру төлемінің сактандыру өтеуі ретінде қайтарылуы.

**Сактандыру келісім-шарты келесі жағдайларда ісін тоқтатады:**

- келісім-шарт мерзімінің бітуі;
- сактандырушының сактанушы алдында міндеттерін толығымен орындап аяқтауы;
- сактанушының сактандыру жарнасын төлемеуі;
- сактанушының жойылуы немесе сактандырушының қаза болуы;
- бекітілген заңдылықтар тәртібінде сактандырушының жойылуы;

- сот шешімінің келісім-шартты жарамсыз деп табуы.

Сактандыру ерікті және міндетті болады. Әрекеттегі құжаттарға сәйкес сактандырудың міндетті түріне мыналар жатады:

- автокөлік иелерінің азаматтық жауапкершіліктерін сактандыру;
- көліктік сапарларды сактандыру.

Сапар болмай қалса туристердің шығындарын сактандыру келісім-шартында келісілген сактандыру сомасы негізінде төленеді. Сапар келесі себептер бойынша болмай қалса, онда сактандыру сомасы толық не жартылай төленеді:

- туристің өзінің немесе оның жанұя мүшелерінің, жақын туыстарының бірінің қаза болуы немесе денсаулығының кенеттен нашарлауы;

- қоршаған ортаның немесе үшінші адамдар әрекеттерінен туристің мүлкінің зақымдалуы;
- жоспарланған сапар болар кезінде туристің соттық талқылауларға қатысуы;
- әскери міндетін орындауға шақырылуы;
- кіру визасын ала алмау;
- келісім-шартта көрсетілген басқа да себептер.

Туристерді сактандыру оқиғаларына туристік жолдамада көрсетілген орындар да ғана болған сәтсіз жағдайлар (улану, жарақаттану т.б.), кенеттен туристің ауырып қалуы, қаза болуы жатады.

Туристердің жеке сактандыруындағы сактандыру оқиғалары қатарына ұзақ уақыттан келе жатқан, жұқпалы, рецидивті (жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, туберкулез, тіспротездік және басқа да) аурулар жатпайды.

Туризм саласында ерікті медициналық сақтандыру келесі тұлғаларға таралады:

- шетелге баратын азаматтарға;
- ел территориясына уақытша келген шетелдік азаматтарға.

**Туристік сақтандыру қандай жағдайлардағы шығындарды төлемейді:**

- күнге күйге жағдайда;
- суда алған жарақаттар;
- спортпен шұғылдану барысындағы жарақаттар;
- ішімдік ішіп, мас болған жағдайда алған жарақаттар, наркотикалық немесе токсикалық заттарды қабылдап мас болған жағдайдағы алған жарақаттар;
- болған аурудың азғынуы;
- косметикалық ота жасау;
- стоматологиялық ем шаралар, егер ауырмаса;
- емдік жерлерде яғни санаторияларда емделу;
- алдында болған психологиялық аурулардың азғынуы.

Туристер саяхатқа барарда қандай жағдайлардан сақтану керектігін білу қажет, көп жағдайда медициналық сақтандыру сомасы келесі шығындырды өтеу үшін беріледі:

- алынған дәрі-дәрмектер, алдын ала сақтандыру компаниясымен хабарласып, бұл дәрілердің шығыны толық төленетінінанықтауға болады;
- стационардағы ем шаралары;
- сырқатты тасымалдау транспортировка шығыны, яғни жедел жәрдем шақыру немесе тұрғатын жеріне жеткізу;
- транспорттық шығындардың компенсациясын, егер турист стационарда ем алу жағдайына байланысты еліне уақытында ұшып кете алмаса.

**Көп жағдайда туристер келесі жағдайлардан сақтанады:**

- оқыс жағдайлардан сақтану, бұл ерікті сақтандыру формасы. Бұл полис түріне оқыс жағдайларда алған әр-түрлі жарақат формалары кіреді. Өлім де сақтандыру жағдай болуы мүмкін. Бұл сақтандыру түрінің медициналық сақтандырудан айырмашылығы репатриациядан кейін, сақтандыру жағдайына берілетін соманы өз қалаулары бойынша жұмсай алады;

- азаматтық жауапкершілікті сақтандыру. Келген еліндегі үшінші жақтың зақым келтіруі, яғни материалдық, физикалық болуы мүмкін. Шығынның көлемі, мөлшері, құжаттармен расталуы қажет;

- елден шыға алмау жағдайынан сақтану. Бұл полис түрі саяхаттың үшінші жақпен болмай қалуы немесе үзілуіне байланысты



болады, оның себептері әр-түрлі мысалы: туған-туысқандарының ауырып қалуы, қайтыс болуы, сотқа шақырылуы, әскерге шақырылуы т.б.;

- жүкті сақтандыру, яғни ұшу барысында жүк тасмалдаушы күнәсі бойынша жоғалса ғана жүк шығыны төленеді. Әр сақтанушы өз жүгін әр-түрлі сомаға сақтандыра алады.

Сақтандыру сомасы келесі жағдайларға байланысты:

- саяхат ұзақтығы;
- полистің әрекет ету территориясы (ел немесе әрекет ету аймағы);
- сақтанушының жасы, медициналық сақтануда (балалар мен зейнеткерлерге тарифтер жоғары болады).

**Сақтанушы келесі жағдайларда компенсация алады:**

- ауырып қалған жағдайда немесе окыс жағдайларда медициналық көмек көрсетілсе;

- стоматологтың көмегі;
- адамды тасымалдау;
- ауырып қалған жағдайда сақтанушының елге жеткізілуі;
- қайтыс болған жағдайда еліне жеткізілуі;
- жедел хабар беру шығындары;
- сақтанушының жедел елге қайтарылуы;
- дәрі-дәрмектердің жіберілуі.


Сақтандыру туристік базалардағы, кемпингтердегі, саяхаттардағы және сонымен бірге, шетелге сапарға баратын азаматтарды да қорғауда қамтамасыз етеді. Сақтандыру туристердің мүліктерінің, ақшаларының зақымдалуы немесе жоғалуы, олардың өмірі мен денсаулықтары үшін жауапкершілікті алады. Туристік құжаттамаларды ресімдеуде қауіптерден сақтандыру маңызды болып отыр.

Туризмдегі сақтандыру туристік өнімнің ажырамас бөлігі ретінде туристке дәрігерлік көмек қажет болғанда, зат-мүлкіне зақым келгенде немесе өміріне қауіп төнгенде келген шығындарды қайтарып беруге кепілдік береді.

Туристерді сақтандыру – бұл туристік саяхаттар кезінде азаматтардың мүлктік мүдделерін қорғайтын сақтандырудың ерекше бір түрі. Ол сақтандырудың қауіп-қатерлі түріне жатады. Оған тән сипаттарына қысқа мерзімділік, жағдайдың болуы мерзімі және болатын зақым мөлшерінің белгісіздігі жатады.

Туризмдегі сақтандыру – бұл туристердің саяхаттау кезіндегі және де сәйкесінше туристік ұйымдардың туристік қызметтерді

жүзеге асыру кезінде мүліктік қызығушылықтарды қорғау мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әмбебап әдісі.



2.7-сурет – Сақтандыру формаларын пайдалану принциптері

Туризмдегі сақтандырудың құқықтық түсінігі, ол саяхат мерзімі кезінде белгілі бір жағдайлардың болуы кезінде сақтандырушылар

мен сақтандырылушылар (Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорсетілген кез-келген ұйымдастырушылық-құқықтық формадағы заңды тұлғалар) арасындағы туристердің мүліктік қызығушылықтарын қорғау жөніндегі қатынастары.

Қаржылық-экономикалық жағынан қарағанда бұл табиғи апатпен немесе басқа да апаттармен зиян келген туристердің материалдық шығындарын өтеудің әдістері. Ол шығын сақтандырылушылар төлейтін төлемдерден құрылған қолда бар ақша арқылы өтеледі. Қайта құрылуға дейінгі еліміздің ішіндегі, сыртындағы турды ұйымдастырушылар саяхаттаушыларды сақтаған болса да, оны жалған сақтандыру деп айтса да болады. Ол сақтандырудың тек шектелген түрлері бойынша ғана өткізілді және қажетті нормативтік құқықтық базаға ие болған жоқ.

Сақтандыру жағдайы болған кезде турист шығынды өзі өтейтін болды, ал сақтандыру компаниясы тек қана шығындарға компенсация жасады. Оның өзін егер қажет деп таныған кезде мүмкін еді. Әрине, мұндай жағдайда жауаптардан гөрі сұрақтар көп туғызды. Туристік және сақтандыру компанияларының бірігу процесі саяхатшылардың өмірі мен денсаулықтарын қорғаудың қажеттілігін терең түсініп, сонымен бірге ортақ бизнеске қазіргі замандағы халықаралық стандартты енгізуге үлкен құлшыныс танытуының арқасында болды деп айту шындықты асырып жіберу болар еді.

Туристік қызметті жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру: халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің заңдарында көзделген реттерде, туроператор немесе турагент, турист өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы куәлікті табыс еткен жағдайда шетелге шығу көзделетін жолдаманы сатады.

Сақтандыру шартында турист медициналық көмек көрсету ақысы және сақтандыру жағдайы тікелей уақытша болатын елде туылдаған кезде олардың шығынының орнын толтыру көзделуге тиіс.

### **3 Қазақстандағы туризм саласының сақтандыру жағдайы**

Экономиканың нарық жағдайындағы дамуы кезеңіндегі ақша – несие жүйесінің түбірлі өзгерістері процесінде сақтандыруды, сақтандыру қатынастарын және осы қарым-қатынастар жүріп жатқан нарықты зерттеу – өте маңызды, өйткені бұл мәселе халық, коммерциялық құрылымдар мен мемлекеттің мүдделерін қозғайды.

Сақтандырудың әлемдік нарығының жаһандануы көрінісінде Қазақстанның көрсеткіштері біршама төмендеу көрінеді. Егер 2011 жылы сақтандыру компанияларының саны 38 болса, соңғы бес жылда 33 ке қысқарған Сақтандыру компанияларының активтері абсолютті шамамен де, салыстырмалы шамамен де Қазақстанның қаржы қорында және экономикада елеулі рөл атқармайды. Сақтандыру компанияларының активтері 2011 жылы 368,3 млрд теңгеден 2015 жылы 1124,7 млрд теңгеге дейін көбейді (өсім 205,3 %). ЖІӨ қатысты сақтандыру компанияларының активтері онша өсе қойған жоқ: 3,1 %-дан 6,8 %-ға дейін ғана өсті. Сақтандыру компанияларының меншікті капиталы 2011 жылы 142,6 млрд теңгеден 2015 жылы 330,8 млрд теңгеге өсті (өсім 132 %), көрсеткіш ЖІӨ-ге қатысты 1,2 %-дан 2,0 %-ға көбейді (4-кесте).

Сақтандыру нарығының өсуі өте қарқынды, оны 3 бөлікке бөлуге болады: міндетті сақтандыру, нақты ерікті-мәжбүрлі сақтандыру және ерікті сақтандыру. Алдыңғы екі бөліктердің арқасында қарқынды өсу пайда болды. Жұмыс берушінің міндетті сақтандыруы жөніндегі Заң күшіне енді. Оған бөлішегін сыйақылардың мөлшері 9–10 млрд теңгені құрайды. Халыққа және ұйымдарға несие беру өсіп отыр, бұл «ерікті-мәжбүрлі» сақтандыру нарығының өсуіне үлкен көмегін тигізеді. Ерікті сақтандыру нарығына келсек, мұндағы өсу 10 %-дан аспайды.

#### **Бүгінде қазақстанда сақтандырудың екі түрі бар:**

- міндетті;
- ерікті.

Міндетті – заңмен бекітілген және оның талабын орындауға барлық адам міндетті, яғни адамдардың белгілі әрекетпен айналыспауға қойылатын заң жүзіндегі талап.

Ерікті – адамдардың жеке өмірі және шаруашылық жағдайындағы мүліктік мүдделерін әр түрлі жағдайлардан қорғауға деген қажеттіліктен туындайды.

Ерікті сақтандыруды мүліктік және жеке деп екіге бөлінеді.

Жеке сақтандыру – азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабылеттігін және жеке басына байланысты өзге де әр түрлі жағдайлардан қорғауға деген қажеттіліктен туады:

- жазатайым оқиғалардан;
- ауырудан;
- өмірде белгілі оқиғалардың басталуына байланысты;
- өмірді сақтандыру.

Көп елдерде ерікті сақтандыру сыйақысы сақтандыру компаниясының сыйақысының 50–80 % ұстаса, Қазақстанда небәрі 2 % ғана. Ол жан басына інаққанда 4 \$ құраса, дамыған елдерде айталық АҚШ-та – 1661 \$, Жапонияда – 2528 \$. Ұлыбританияда – 2725 \$, Швецарияда – 3291 \$.

Мүлікті сақтандыру және жауапкершілігі сақтандыру.

Мүлігі сақтандыру – заңды және жеке тұлғалардың жылжымаитын мүліктерін, көліктерін, малын, үй мүліктерін, ауылшаруашылық өнімдерін, қондырғыларын ,шикізат және т.б. сақтандыруда туындайтын қатынас.

Жауапкершілікті сақтандыру – бұл көлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, жұмыс берушінің жұмысшылар алдындағы жауапкершіліктерін сақтандыру, кәсіпорындардың 3 тұлғаға тигізетін залалдарын сақтандыру және т.б. заңды және жеке тұлғалардың заң жүзінде туындайтын азаматтық құқықтық жауапкершіліктерін сақтандыруға байанысты қатыныс.

Қазіргі кезде Қазақстанда жеке сақтандырудың бір бөлігі – өмірді сақтандыру. Қазақстанда сақтандыру саласын дамытудың басым бағыттарының бірі, бұл салада қызмет ететін 4 компания бар.

Мемлекеттік меншіктегі «аниуитеттік компания» және жеке меншік:

- «БТА өмірді сақтандыру»АҚ;
- «Валют транзит-life»АҚ;
- «Халық life»АҚ;
- «Номад Иншуранс» АҚ.

Бүгінгі таңда сақтандыру нарығының даму проблемаларының негізгілері болып республикада өмірді және жеке басты сақтандырудың басқа түрлерінің, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқару жүйелерін енгізудің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметі туралы статистикалық және өзге де мәліметтер базасының қол жетерлігін қалыптастыру мен қамтамасыз етудің жеткілікті түрде дамымауы табылады.

3.1-кесте – Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму үрдісі

№	Сақтандыру секторының құрылымы	2011	2012	2013	2014	2015
1	Сақтандыру ұйымдарының саны	38	35	34	34	33
2	Оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	7	7	7	7	7
3	Сақтандыру брокерлерінің саны	14	13	14	15	15
4	Актуарийлердің саны	84	82	72	71	62
5	«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны 3	27	34	30	30	30
6	ҚР бейрезиденті сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны	-	-	3	3	3

Сақтандыру секторының проблемаларының ішінде келесілерді атап өткен жөн:

- ұзақ мерзімді және өмірді жинақтаушы сақтандыруды қосқанда, ерікті сақтандыру бойынша ұсынылатын қызметтердің шектеулігі;

- сақтандыру өнімдерінің (сақтандырудың міндетті түрлерінен басқа, бұнда ақы заңдылық негізінде бекітіледі) айтарлықтай қымбат тұруы және оларға сұраныстың төмендігі;

- нарықтағы бірқатар сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз белсенділігі;

- сақтанушылардың сақтандыруға, атап айтқанда өмірді сақтандыруға қызығушылығының төмендігі;

- сақтандыру ұйымдарының өздерінің тәуекелдерін дұрыс басқара алмауы (анықтау, бағалау, есеп беру);

- сақтандыру ұйымдарының жинақтаушы өмірді сақтандыру келісім-шарттары бойынша сақтанушыларға қарыз беру жүйесінің дамымауы;

- халықтың сақтандыру нарығына деген сенімділігінің төмендігі, сақтандыру ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасының төмендігі;

- сақтандыру бизнесі облысындағы алдап-сулаушылық.

Сақтандыру нарығының құқықтық базасындағы едәуір өзгерістердің, сондай-ақ жоғарыда атп өткен проблемаларды шешу жолындағы шаралар ішінде Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың 2006–2010 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын ерекше атап өткен жөн. Мақсаты – ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау. Бағдарламаның алдына қойған негізгі жұмыстары:

- жеке басты сақтандыруды, соның ішінде оның жинақтаушы және ұзақ мерзімді түрлерін дамыту;

- өзара сақтандыру жүйесін дамыту;

- халықтың сақтық мәдениетін жоғарылату;

- сақтандыру ісінің ақпараттық және автоматизация деңгейін жоғарылату;

- міндетті сақтандыру облысында мемлекеттік саясатты дайындау және сақтандыру нарығының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру;

- сақтандыру аясындағы мамандардың мамандану дәрежесін дайындау және жоғарылату;

- сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау стандарттарын жоғарылату;

- қайта сақтандыру және бірлесіп сақтандыру тетіктерін жетілдіру.

Осы бағдарламадан күтілетін нәтижелер:

- ұлттық сақтандыру индустриясының тұрақтылығы мен сенімділігін бекіту;

- жеке сақтандыруға деген сұранысты қалыптастыру;

- сақтандыру нарығының қазіргі заманға сәйкес инфрақұрылымын қалыптастыру;

- халықтың сақтық мәдениет деңгейін жоғарылату;

- міндетті сақтандырудың тиімді жүйесін құру;

- сақтандыру аясындағы кадрлық әлеуетті жақсарту;

- жана сақтандыру өнімдері мен технологияларын енгізу;

- сақтандыру қызметтерінің сапасын жақсарту;

- сақтандыру нарығының қатысушыларын қадағалау мен реттеудің тиімділігін жоғарылату.

Сақтандыру ұйымдарының қызметінің стандарттарын белгілеу, ұжымдық басқаруды жақсартуды ынталандыру және жинақтаушы өмірді сақтандыруды дамыту үшін ынталандырушы жағдайлар қалыптастыру мақсатында 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан

Республикасының «Қазақстан Республикасының салық салу бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы» Заңына бірқатар өзгерістер енгізілді. Осы Заң бойынша аннуитеттік сақтандыру бойынша ұжымдық табыс салығының мөлшерлемесін алынуға тиіс сақтандыру сыйақыларының сомасынан 2 %-нан 1 %-ға төмендетті. Сондай-ақ, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке тұлғалар мен оларға жұмыс берушілерді жинақтаушы сақтандыруға, соның ішінде аннуитеттік сақтандыруға деген қызығушылығын жоғарылату мақсатында келесідей өзгерістер күшіне енді:

- жинақтаушы сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларын төлеуге бағытталған табысқа салық салу сақтандыру төлемдерін алатын уақытқа ауыстырылады;

- жұмыс берушінің өз жұмысшысының пайдасына жинақтаушы сақтандыру бойынша төлеген сақтандыру сыйақыларының сомасы жұмысшының табысы саналмайды;

- жеке тұлғаның өз пайдасына жинақтаушы сақтандыру келісімдері бойынша енгізген сақтандыру сыйақыларының сомасы толық көлемінде алуға жіберіледі.

Маркетинг стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекет мынадай міндеттер белгілеп отыр:

- сапалы туристік қызмет көрсетуді ұсынатын туристік орталық ретінде Қазақстан туралы туристер жіберілетін негізгі елдерде жағымды пікір қалыптастыру;

- Қазақстанды ерекшелігін сипаттамаларға және артықшылықтарға негізделген маркетингтік іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

- қосымша мүмкіндіктер бере отырып, төлем қабілеті жоғары деңгейдегі туристерді тарту;

- жеке сектордың маркетингтік жұмысына қолдау көрсету;

- Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Қытай, Жапония және тағы басқа туристер ағынының дәстүрлі нарықтарына ұлттық туристік өнімнің ештілуін күшейту;

- нарықтың жаңа сегменттерін айқындауға бағытталған зерттеулер жүргізу;

- ел аумағында орналасқан көрнекті туристік орындар мен объектілердің бүкіл ауқымын әлемдік нарыққа жылжыту;

- ғылыми негізделген өткізу әлеуетін ескере отырып, республика аумақтарына туристік ағынның теңдестіре бөлінуін қамтамасыз ету;

- жыл ішінде туристік инфрақұрылымның бірқалыпты жүктемесін қамтамасыз етуге бағытталған маркетингтік және базалық



тәсілдерді қолдану арқылы туризмнің маусымдық жылжытылуын күшейту;

- ұлттық, туристік өнімді жылжытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану ауқымын ұлғайту.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибені пайдалану, жаһанды масштаб бағдарламаларына қатысу қажеттілігі анық көрінуде. Және де қазіргі кездегі Қазақстанның сақтандыру нарығындағы позитивті тенденцияларды қарай отырып, 2020 жылға қарсы біз әлеуметтік және қаржылық қауіпсіздікті максималды қамтамасыз ететін жан-жақты дамыған қаржы қызметтерінің нарығына жетеміз деп айтуға болады.

Шетелдік тәжірибе ретінде еліміздің экономикалық, саяси және басқа да қатынастары бойынша серіктес елдерінің сақтандыру нарықтары салыстыру мақсатында Қытай Халық Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының нарықтарын қарастырылады.

Қытай Халық Республикасының сақтандыру нарығы ақша-несие нарығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қытай Халық Республикасындағы сақтандыру негізінен мүлікті сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, кепілді сақтандыру және жеке сақтандыру сияқты төрт негізгі сақтандыру түріне бөлінеді. Қазіргі кезде Қытайда сақтандыру компаниялары сақтандырудың 400 түрі бойынша қызмет көрсетеді. Қытайдың сақтандыру мекемелерінің ішінде ерікті және міндетті болып бөлінетін қайта сақтандыру операциялары кеңінен тараған.

Қытай басшылығының елді сыртқы экономикалық қатынастарға ашық екендігін жариялануымен сақтандыру нарығына шетелдік сақтандырушылар ене бастады. Өкілеттілердің ең көп санымен Австралия, Ұлыбритания, Германия, Гонконг, Италия, Канада, Корея, Нидерланды, Сингапур, АҚШ, Тайвань, Франция, Швейцария және Жапония сақтандыру компаниялары ерекшеленеді. АҚШтың, Канаданың, Жапония мен Ұлыбританияның 9 сақтандыру компаниясы Шанхайда және Гуанчжоуда 12 операциялық агенттіктердің негізін салды. Ал 17 елдің 113 сақтандыру компаниясы Қытай Халық Республикасында 202 өкілеттігін құрды. Сақтандыру саласының өсу қарқыны 2013 жылы ЖІӨнің өсу қарқынынан 7 %-ға артық болды. Сақтандыру саласы құрылымдық реформаны жүзеге асыра алды және есептеулер жүйесін жетілдіре алды.

2014 жылдың басындағы жағдай бойынша, Қытай Халық Республикасында шет елдің қатысуымен 37 сақтандыру компаниясы және де 300-ге жуық басқа шетелдің сақтандыру мекемелері (өкілеттіктер, агенттіктер және тағы басқалар) бар.

Қазіргі кездегі Америка Құрама Штаттарындағы сақтандыру нарығы мен бизнесі әлемде ең жақсы дамыған нарық болып табылады.

Америка Құрама Штаттарының монополиялары дамыған елдердегі бүкіл сақтандыру нарығының 50 %-дан астамын бақылап отырады. Америка Құрама Штаттарында 10 мыңдай сақтандыру компаниялары жұмыс жасайды, олардың 8 мыңнан астамы мүлкітік сақтандыруды жүзеге асырады. Америка Құрама Штаттарының әр штатының өзінің сақтандыру туралы заңы және сақтық бақылауы болады, сондықтан да ол жақта бірыңғай сақтандыру туралы заң және сақтық бақылау органы жоқ.

Әрине, әр штат өзінің жарғылық капиталын, көрсетілетін сақтандыру түрлерін бекітеді. өзіне қарасты сақтандыру ұйымдарына бақылау жүргізеді, сақтандыру қызметін қадағалап, реттейді, брокерлерге, агенттерге және сақтандыру компанияларына лицензиялар береді.

Америка Құрама Штаттарында сақтандыру ұйымдарының екі типі бар: акционерлік қоғамдар және өзара сақтандыру қоғамдары. Ол жақта мемлекеттік сақтандыру компаниялары жоқ. Компания акцияларын жеке және заңды тұлғалар иеленеді. Америка Құрама Штаттарында тарихи түрде сақтандыру компаниялары арасында өзара сақтандыру қоғамдарының үлесі басым болады деген ой қалыптасқан, бірақ олардың саны акционерлік қоғамдардан әлдеқайда азырақ.

Америка Құрама Штаттарында өмірді сақтандыру бойынша ірі сақтандыру компаниялары жоғары авторитетке ие, сондықтан да олардың қызметіне әртүрлі зейнетақы қорларына тиесілі бірнеше миллиардтық ақша қаражаттарын капиталды одан әрі көбейту мақсатында береді. Бұл қаражаттарды басқарғаны үшін сақтандыру компаниялары комиссиялық сыйақы (шамамен 0,1 %) алады.

Америка Құрама Штаттарының сақтандырушылары өндірістік корпорациялармен тығыз байланыста. Осылайша, өндірістік корпорациялардың әрбір 100 директорлар кеңесінің 27-сінде сақтандырушылар отырады.

Сақтандыру ұйымдарының ұйымдық негізін акционерлік қоғамдар мен өзара сақтандыру қоғамдары құрайды. Андеррайтерлер мен сақтандыру брокерлерінің – сақтандыру агенттерінің немесе тәуелсіз брокерлік фирмалардың институты бар. Осылайша, өмірді сақтандыру бойынша «Пруденшл» ірі сақтандыру қоғамының 20 мыңнан астам сақтандыру брокерлері бар. Сондай-ақ, «Марш-Макленан», «Александр энд Александр», «Фрек Холл», «Фред С. Джеймс» және тағы басқа да брокерлік фирмаларды атап өтуге болады.

Кейінгі уақытта Америка Құрама Штаттарының көптеген штаттарында мөлшерлемелер (сақтандыру төлемдерінің) қозғалысына шектеу алынып тасталып, кейбір жағдайларда олар 40 пайызға дейін төмендеді. Бұл көптеген ұсақ сақтандыру компанияларының, әсіресе мүлікті сақтандырушы компаниялардың шығындалуына әкеліп соқтырды.

Америка Құрама Штаттарының сақтандыру компаниялары қаржылық конгломераттар деп айтса да болады. Олар өздерінің еншілес компаниялары арқылы өздерінің негізгі қызметінен басқа несиелер мен қарыздар беру, клиенттерге чектік қызмет көрсету, есептесуші несиелік карточкалар эмиссиялау, мүлікпен, бағалы қағаздармен операциялар жүргізу, клиенттің тапсырысы бойынша мүлікті және капиталды басқару сияқты қызметтер атқарады. Сақтандыру ісінің одан әрі интернационализациялануы жүруде. 70-жылдардағы халықаралық сақтандыру нарығындағы қатаң бәсекеден кейін Америка Құрама Штаттарының үлесі өскені айқындалуда.

Жетекші сақтандыру компанияларына «Стейт фарм мьючуэл отомобил иншуранс компани» трансұлттық компаниясы жатады. Бұл компания 1922 жылы Иллинойс штатында негізі қаланып, көлікті, мүлікті, жазатайым уақиғалардан, авиацияны сақтандырумен және қайта сақтандырумен айналысады. Жиналған сыйақыларының көлемі бойынша әлемдегі алғашқы орындардың бірінде.

Басқа ірі компаниялар болып 1868 жылы Нью-Йоркте құрылып, өзара келісім негізінде өмірді сақтандыратын «Метрополитен Лайф иншуранс К» компаниясы, жетекші диверсификацияланған компаниялардың бірі болып саналатын, «Коннектикут дженерэл корпорейшн» және «ИНА корпорейшн» деген екі ескі қоғамның бірігуі нәтижесінде 1982 жылы құрылған «Сигма» компаниясы табылады. Бұл «Сигма» компаниясы мүлікті және жауапкершілікті сақтандырады.

«Америкэн Интернешл групп (АИГ)» – жетекші халықаралық диверсификацияланған сақтандыру топтарының және Америка Құрама Штаттарындағы саудалық және өндірістік тәуекелдерді сақтандырушы ірі компаниялардың бірі. Кейіннен бұл компания холдингтік компанияға айналып, қазіргі кезде 130 елде 44 еншілес компаниясын басқарып отыр.

Тек қызметкерлерінің саны 28 мыңнан астам адамды құрайды.

Сондай-ақ, ірі сақтандыру компаниялары болып:

- 1853 жылы құрылған «Континентал корпорейшн» компаниясы;

- 1876 жылы құрылған «Пруденшл Иншуранс оф Америка» компаниясы;

- 1913 жылы құрылған «Олстейт Иншуранс компани» компаниясы саналады.

Қазіргі кезде АҚШтың барлық сақтандыру компанияларының активтері 2 трлн доллардай соманы құрайды немесе орта есеппен алғанда әр компанияға 200 млн доллардан келеді. Барлық сақтандырушылар бақыланып отырады. Олардың қызметі : А. М. BEST, Moody S, Standart & Poors сияқты үш консалтингтік компаниялармен талданады. Бұл компаниялар қаржылық жағдайы туралы хабарлайды, сақтандырушылардың қызметі бойынша каталогтар шығарады, сенімділік рейтингін және төлем қабілеттілігі туралы мәліметтерді жариялайды.

Брокерлік компаниялардың өздерінің айрықшалықты бөлімшелері болады. Бұл бөлімшелер басқа компаниялардың қызметін талдайды, олардың қаржылық жағдайын, төлемдерін, сервистік қызмет көрсету деңгейін, қызметіндегі икемділікті, қызметтер бағасын және тағы басқаларды зерттейді.

Көріп отырғанымыздай, әрине бұл елдердің сақтандыру нарығының даму деңгейі, олардың сақтандыру компанияларының қаржылық көрсеткіштері біздің еліміздегі жағдайдан артық. Бірақ жоғарыда көрсетілген еліміздің сақтандыру нарығының мәліметтерін ескере отырып, республикадағы сақтандыру компанияларының жағдайы бірер жылдан соң осындай елдердің компаниялары қатарына қосылады деп үлкен сенімділікпен айтуға болады.

#### **Ел ішінде сақтандырудың үш типі қалыптасқан:**

1) бенефиттер (өмір мен денсаулықты сақтандыру, зейнетақыны сақтандыру, жинақтаушы, автокөліктерді сақтандыру, медициналық сақтандыру және т.б.);

2) жеке мүліктік (бұл жерге құрылыстарды сақтандыру, автокөлікті және азаматтардың өзге де мүлкін сақтандыру жатады);

3) коммерциялық (сақтандырудың барлық басқа түрлері).

Елдің сақтандыру нарығын дамыту саласында сақтандырудың бірқатар міндетті түрлері енгізілді, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, мемлекеттік аннуитеттік компаниясы, экспорт-импорт кредиттерін сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация құрылды, отандық сақтандыру нарығына шетелдің қатысу мүмкіндігі кеңейтілді.

Сақтандыру секторы: мақсаты мен міндеті. Орта мерзімді перспективада сақтандыру нарығын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

- азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің сақтандыруды қорғаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және мемлекет экономикасын дамыту үшін ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстарды шоғырландыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

- халықты әлеуметтік қорғаудың құралы ретінде өмірді сақтандыруды дамыту міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру;

- халықтың сақтандыру ұйымдарына сенімін және сақтандыру қатынастары барлық субъектілерінің сақтандыру мәдениетін арттыру;

- үздік халықаралық практика негізінде сақтандыру қадағалауын жетілдіру.

Ағымдағы жағдай. Соңғы жылдары республика экономикасының тұрақты өрлеуі және ұлттық сақтандыру индустриясын реформалау жөнінде мемлекет қабылдаған шаралар осы саланың шалшаң дамуына ықпал етті. Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштерінің бірнеше жыл ішіндегі серпініне оң баға берілуде. Дегенмен, елде өмірді сақтандыру және жинақтаушы және ұзақ мерзімді сақтандырудың өзге түрлері нарығы жеткіліксіз дамыған.

Қазіргі кезде өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі өзекті болып қалып отыр. Сақтандыру ұйымдарын капиталдандыру төмен деңгейде, олар жинаған сақтандыру сыйлықақыларының басым бөлігі қайта сақтандыру арналары арқылы шет елдерге беріледі.

Бұдан басқа, міндетті сақтандыру жүйесінде бірқатар проблемалар бар. Айталық, міндетті сақтандырудың ұлттық жүйесінің өзінің барлық әлеуетін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бірқатар проблемалары бар. Міндетті сақтандырудың тиімділігін төмендететін басты проблемалардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауын мемлекеттік қадағалау деңгейінің жеткіліксіздігі мен қолданыстағы заңнаманың жетілдірілмегендігі; міндетті сақтандыруды қолдану туралы нормаларды қамтитын салалық заңдарды әзірлеуді шектеу қажеттілігі.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ-ын міндетті сақтандыру сақтандырудың бұқаралық түрлерінің бірі болып табылады, бұл көлік құралдары иелерінің және жол қозғалысының басқа қатысушыларының мүдделерін қозғайды. Сондықтан сақтандыру нарығында осы сақтандырудың проблемалары неғұрлым өткір сезіледі.

Жақын арадағы жылдары сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бөлігіндегі маңызды мәселе өзара

сақтандыру жүйесін дамыту болады. Өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру нарығы элементтерінің бірі болып табылады. Өзара сақтандырудың қажеттігі, ең алдымен әрқилы себептерге: көп шығынға, сақтандыру сомаларының жоғары мәніне байланысты коммерциялық сақтанушылар сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп болуымен негізделген.

Бұдан басқа, сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі дамытуды талап етеді. Негізгі шаралар:

1) Сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыру (шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру) – осы сәтте қолданыстағы шоғырландырылған қадағалау туралы заңнамада қаржы ұйымының нақты меншік иесін, қаржы ұйымының шешімдерін анықтайтын аффилиирленген тұлғалар тобын анықтау мүмкіндігі көзделді, қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге елеулі әсер ететін қаржы ұйымдарының акционерлерін анықтау бөлігінде банктермен сақтандыру және зейнеткерлік заңнаманы біріздендіру жүргізілді.

Жүйелік тәуекелдері бар неғұрлым ірі сақтандыру ұйымдары банк конгломерттеріне жатады және оларды шоғырландырылған негізде реттеу банк конгломерті арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар банк конгломератына жатқызылмаған 24 сақтандыру ұйымына шоғырландырылған негізде пруденциялық реттеуді жүзеге асыру мүмкіндігі аз қолданылады.

Бұл кең көлемде олардың арасында қаржы конгломератын құрайтын заңды тұлғалар тобының іс жүзінде жоқтығымен түсіндіріледі.

Осылайша осы бағыттағы келесі саты осы сақтандыру ұйымдары мен олар құрған топтар үшін шоғырландырылған негізде пруденциалдық реттеуді жүзеге асыру болады.

2) Міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру

Қазіргі уақытта Қазақстанда міндетті сақтандыру жүйесі, тұтастай алғанда қалыптасты. Міндетті сақтандырудың енгізілген түрлері субъектілердің ауқымды шеңберін түрлі, оның ішінде қаржылық, әлеуметтік, экологиялық, табиғи, техногендік тәуекелдерден сақтандырумен қамтиды.

Сонымен қатар, міндетті сақтандырудың ұлттық жүйесінің өзінің барлық әлеуетін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бірқатар проблемалары бар.

Міндетті сақтандыру жүйесін неғұрлым нақты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі мақсатында мыналар: сақтандыру ұйымдарының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар алу үшін шарттар анықтау;

қаржылық есептілік нысандарын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

Үкімет тарапынан сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауын мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау жөніндегі бірқатар шаралар жүргізілетін болады.

Осымен бір уақытта міндетті сақтандыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша шараларды қабылдау қажет.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру өзекті мәселелерінің бірі сақтандыру тарифтері мөлшерінің республикадағы жол қозғалысы тәуекелдерінің деңгейіне барабарлығы мәселесі болып отыр. Төмен рентабельдікке, ал кейбір сақтандыру ұйымдарында сақтандырудың осы түрі бойынша операциялардың шығындылығына байланысты сақтандыру ұйымдарының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартатын, сақтандыру шарттарын жасасудан бас тартатын, агенттік пункттер санын қысқартатын жағдайлар орын алып отыр, бұл сайып келгенде, сақтандырушыларға және жол-көлік оқиғасының нәтижесінде зардап шеккен тұлғаларға келеңсіз әсер етеді.

Жолдарда апаттардың жоғары деңгейін, елдің автопаркінің икемсіз өсуін және сақтандыру төлемдерінің көлеміне әсер ететін өзге факторларды ескере отырып, көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыруының және тарифтерге байланысты проблемаларға жедел әрекет етудің тұрақты мониторингін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру жөніндегі, оның ішінде сақтандыру жағдайын қарау тәртібін жеңілдету және қысқарту және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мақсатында заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Халықаралық тәжірибені және осы жүйені қолдану практикасын ескере отырып, шығындарды тікелей реттеу жүйесін енгізу мүмкіндігі әзірленетін болады.

Отандық тәжірибені және халықаралық тәжірибені ескере отырып, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу ережелері мен тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Бұл ретте экономикалық қызмет түрлерін кәсіби тәуекел топтарына жатқызу тізбесін нақтылау және сақтандырудың осы түрінің басқа шарттарын жаңғырту қажет. Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру сақтандырудың міндетті түрі болып табылатындығын ескере отырып, оның жүргізудің барлық шарттары айқын және осы

құқық қатынастарының барлық қатысушылары үшін түсінікті болуы тиіс. Осыған байланысты сақтандырудың осы түрі бойынша аннуитетті өнімдерге қатысты бірыңғай ең төменгі міндетті талаптарды белгілеу мүмкіндігі зерделенетін болады.

3) Міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыру кезінде дауларды шешудің соттан тыс тетіктерін құру.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты дауларды жою жөніндегі проблемаларды шешу мақсатында сақтандыру омбудсман түрінде соттан тыс тетіктерді құру қажеттілігі туындады. Дауларды шешуде мұндай тетікті қолдану икемділікке негізделген, ол тұтынушылардың да, сақтандырушылардың да мұқтаждарына неғұрлым сәйкес келеді, атап айтқанда: төмен шығындар, рәсімдердің жылдамдығы мен формалдық емес сипаты, сақтандырушылардың қабылданған шешімді міндетті орындауы.

Сақтандыру омбудсманы институттарын қолданудың дүниежүзілік тәжірибесі үкіметтік агенттіктердің, заңнамалық комитеттердің, сақтандыру ұйымдары өкілдерінің және сақтандыру қызметтері тұтынушыларының тұтынушылар тарапынан сақтандыру қарым-қатынастарын бақылау мақсатында оларды құру жөніндегі мүдделерін біріктіруге негізделген.

4) Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту.

Сақтандыру нарығын дамыта отырып сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымының болуы үлкен әсер алып отыр. Осыған байланысты сюрвейер, андеррайтер, апат комиссарлары және т.с.с. сияқты сақтандыру нарығы қатысушыларының өкілеттіктерін заңнамалық бекіту талап етіледі. Аталған нарық қатысушыларын дамыту сақтандырылатын тәуекелдерді және сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін нақты бағалауды жүзеге асыру қажеттілігімен шартталған.

Сақтандыру ұйымдарының делдалдары – агенттер желісін дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Сақтандыру агенттерінің тиімді жұмыс істейтін желісін құру сақтандыру ұйымдарына өз сақтандыру өнімдеріне сату көлемін ұлғайтуға және сақтандырушыларды неғұрлым кең қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Агенттік желісін құрудағы маңызды сәт агенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастыру болып табылады. Қандай да бір сақтандыру өнімінің біліктілік, білім, оның ар-намысын көрсету деңгейіне тұтастай алғанда сақтандыруды дамыту және атап айтқанда өмірді сақтандыру тәуелді. Қолданыстағы заңнамаға сақтандыру нарығының аталған қатысушыларының мәртебесін, біліктілік



талаптарын, қызметінің шарттары мен жауапкершілігін анықтайтын тиісті түзетулерді енгізу қажет.

Сақтандыру агентінің жеке кәсіпкерлікке жатқызу мәселесін қарау ұйғарылады. Жеке кәсіпкер ретінде сақтандыру агенті қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады. Сақтандыру агенттері салық салудың оңайлатылған жүйесін алатын болады, сақтандыру ұйымдары пайда тартуға бағытталған өз қызметінде мүдделі білікті агенттерді алады, ол түптеп келгенде сақтандыру қызметін кеңейтуге және ұсынылатын сақтандыру өнімдер санының артуына, қызметтер ұсыну сапасының жақсаруына әсер етеді. Мемлекеттің атынан уәкілетті органдар сақтандыру ұйымының ішкі құрылымының айқын моделін алады.

Осылайша сақтандыру нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі ретінде өзара сақтандыру жүйесін дамытуға көңіл бөлінетін болады. Өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру нарығы элементтерінің бірі болып табылады. Өзара сақтандыру қажеттілігі ең алдымен коммерциялық сақтандырушылар түрлі себептерге: таза шығындар, сақтандыру сомаларының жоғары мәніне байланысты сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп санының болуымен шартталған.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бөлігінде маңызды мәселе сақтандыру нарығының түрлі қатысушыларын біріктіретін қоғамдық ұйымдарды құру және дамыту болып табылады. Мұндай ұйымдарға оқу бағдарламаларын дайындау, әзірлеу жөніндегі өкілеттіктерді жүктеу және сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыруға пайдалы тұлғаларды оқытуды жүргізу, сондай-ақ сақтандыру нарығына қатысушылардың, оның ішінде сақтандыру агенттерінің, андеррайтерлер мен т.б. қызметін сертификаттау қажет.

Сақтандыру секторын дамытудың маңызды сатысы кепілдік беру институттарының қызметін одан әрі жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру болып табылады. Кепілдікті схемаларды құру мақсаты сақтандыру қызметінің тұтынушылары және сақтандыру нарығының тұрақтылығын сақтау үшін сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату зардаптарын жұмсартуға негізделген. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтандырушылардың құқықтары мен мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қолданыстағы «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» акционерлік қоғамының негізгі міндеті болып табылады. Қор міндетті сақтандырудың неғұрлым жаппай түрлері бойынша, атап айтқанда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлеміне кепілдік береді. 31 сақтандыру ұйымы қордың қатысушылары болып табылады.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі кеңейту мақсатында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне сақтандырудың басқа міндетті түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыруды кезең-кезеңмен енгізуге бағытталған шараларды қабылдау қажет, өйткені осы сәтте оның барлығынан да артық жоғары әлеуметтік мәнге ие болуына байланысты осындай кепілдіктерге мұқтаж. Кепілдік беру резерві сомасының сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ету үшін оларды инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту қажет.

5) Сақтандыру статистикасының базасын қалыптастыру, сақтандыру тарифтерін реттеу.

Қазіргі сәтте Агенттікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарифтерін есептеу әдістемесін қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген. Көрсетілген өкілеттік объективтік қажеттілікпен шартталған.

Айталық, көптеген сақтандыру ұйымдары клиенттерді тарту мақсатында сақтандырудың ерікті түрлері бойынша тарифтердің деңгейін кірістіліктің жеткілікті деңгейін және тиісінше сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мәннен төмен азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, сақтандыру статистикасының толыққанды базасы қалыптастырылатын болады, жиналатын деректерді, бірінші кезекте міндетті сақтандыруда сақтау және өңдеу осы сәтте сақтандыру нарығын дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сақтандыру статистикасының деректерін жинау үшін сақтандыру ұйымдарынан өзге мемлекеттік органдар, оның ішінде ішкі істер, мемлекеттік статистика, еңбек және әлеуметтік қорғау органдары тартылатын болады.

6) Сақтандыру қызметтерін сатуда жаңа технологияларды дамыту.

Бүгінде сақтанушылар неғұрлым алданғандар болып барады және кез келген уақытта сақтандыру қызметтерін беруді талап етеді. Мұның шешімі Интернет-сақтандыру бола алады, ол тұтастай алғанда, әсіресе ерекше консультацияларды талап етпейтін қарапайым сақтандыру өнімдерін тікелей сату мәнін арттырады.

Кейбір деректер бойынша жыл сайынғы дүниежүзілік сақтандыру нарығының интернет-айналымы 250 млн. долларға жетеді, ол Интернет-сатудың жалпы көлемінің 2–2,5 % құрайды. Қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдары кірістерінің 2 % электрондық коммерцияға келіп отыр. Сондықтан, Қазақстанда Интернет-сақтандыруды дамыту мәселелері әзірленетін болады.

7) Сақтандыру ұйымдарының тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіру.

Сақтандыру ұйымдарының қызметі айқын еместікке негізделетіндігін назарға ала отырып, сақтандыру ұйымдары оның ағымдағы және алда күтілетін қаржы жағдайын қозғауы мүмкін барлық міндеттемелер спектрін ескеру қажет. Осыған байланысты, бүгінгі күні сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін басқару жүйесін құру мәселесі өзекті болып отыр.

Тәуекелдерді басқару жүйесі тиісті корпоративтік саясат пен рәсімдерді дамытуды, тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін пайдалануды, олардың тәуекелдеріне сәйкес өнімдер мен қызметтерді бағалауды, тәуекелдердің шектерін белгілеуді, ырықтандыру және хеджерлеу арқылы тәуекелдерді басқаруды, шығындарды жабу үшін «қауіпсіздік жастығын» құруды (міндеттемелер мен капитал тарапынан) қамтиды.

Бұл құралдарды қолдану тәуекел түріне және қадағалау режиміне байланысты.

Сақтандыру ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай-да бір тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігін және оларды өлшеу мен басқару үшін көзқарастарды белгілеуді анықтау болып табылады.

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты сақтандыру жүйесін жасау мен қолдау және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру;

2) сақтандыру нарығын реттеу, сақтандыру қызметін қадағалау;

3) сақтандырудың негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерін, халықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысу принциптерін белгілеу;

4) сақтанушылардың, сақтандырушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды сақтандыру рыногындағы істің жайына мемлекеттік бақылау жасауды

қамтамасыз етуді қоса, уәкілетті мемлекеттік орган және мемлекеттің өзге де органдары өз күзiретi шегiнде жүзеге асырады. Өзге де мемлекеттік органдардың осы заңмен реттелмеген өкiлеттiлiгi мiндеттi сақтандыру түрлерi бойынша тиiстi заң актiлерiнде көзделуi мүмкiн.

Жалпы сақтандыруға және өмiрдi сақтандыруға тән экономикалық қатынастар қоғамдық өндiрiс процесiндегi зиянның орнын; егер бұл процесс стихиялық апат пен басқа төтенше немесе күтпеген оқиғалардың нәтижесiнде бұзылса, толтырумен байланысты. Зиянның орны ынтымақтастық негiзде сақтық қатынастарға қатысушылардың төлейтiн сақтық жарналары есебiнен толтырылады, бұл жарналардың жиынтығы, жоғарыда айтылғандай, сақтық қорларды құрайды.

Өмiрдi сақтандыру индустриясының дамуынсыз, мемлекетiмiзде жүрiп жатқан зейнеттiк қамтамасыз ету реформасынан толық қайтарып болады деп айта алмаймыз.

Өмiрдi сақтандырудың дамымауының бiр себебi, потенциалды тұтынушының өзіне қатысты сақтандыру оқиғасының болатынын толық сезiне алмау. Кей сақтандырушылардың айтуынша өмiрдi сақтандырудың дамымауына тағы бiр себеп, ол квалификациясы жоғары мамандардың тапшылығы. Сақтандырудың дамуы халықтың табысының өсуiне әсер ете алады, ал ол өз кезегiнде ұзақ мерзiмдi өмiрдi сақтандырудың дамуына себепшi болады. Дүние жүзiлiк тәжiрибе көрсеткендей, өмiрдi сақтандыру сыйақыны жинау мен жоғары даму жағынан алдағы қатарды алады. Мысалға, АҚШ-та жиналатын сыйақылардың 60 % – «өмiр» саласында. Өмiрдi сақтандырудың дамуына тағы бiр керi әсер етушi фактор – демографиялық. Өзi аз халықтың, тек 20–30 % ғана активтi халық (етi тiрi). Осы фактор, жинап алғанда өмiрдi сақтандыруда халықтың өте аз бөлiгi сақтандырылған. Өмiрдi сақтандыру бойынша қызмет атқарушы компаниялар нормативтерге сай болу үшін ылғида сырттан ақша қаражаттарын тартуға мәжбүр, себебi меншiктi капиталдың жеткiлiксiздiгi туындайды. Осы себептi, көптеген инвесторлар бұл сақтандыру түрi бойынша қызмет атқарудан бас тартады.

Қазақстан Республикасының Қаржы ұйымдары мен қаржы нарығын бақылау мен реттеу агенттiгiнiң ойынша ұзақ мерзiмдi сақтандырудың дамуына, бiрiншiден, компаниялар тарапынан халықтың сенiмiн дамыту. Екiншiден, ұзақ мерзiмдi сақтандыру экономиканың болашақ дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстандағы сақтандыру қызметiн жүзеге асырудың жалпы талаптары:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талаптарын айқындайтын сақтандыру ережелері және ішкі ережелер болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы. Өзара сақтандыру қоғамы Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда сақтандыру қызметін лицензиясыз жүзеге асыруға құқылы;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі ережелері:

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

-ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелерінің санын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, рыноктық және басқа да тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын ашып көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесін;

- құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кезде солардың өкілеттіктерін;

- сақтанушылардың (сақтандырылушылардың), жәбірленушілердің (пайда алушылардың) және олардың өкілдерінің жазбаша және ауызша өтініштерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайлары мәселелері бойынша келіп түсіп жатқан өтініштер мен құжаттарды тіркеу тәртібін;

- сақтандыру жағдайларының мәселелері жөніндегі өтініштер мен

құжаттар бойынша оларды карау және сақтанушыларға (сақтандырылушыларға), жәбірленушілерге (пайда алушыларға) жауап беру тәртібін;

- сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау рәсімін айқындауға тиіс.

3) сақтандыру ережелерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі ережелерін директорлар кеңесі бекітеді;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз штатында актуарийлі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

**Жолаушылардың өмірін және денсаулығын сақтандыру принциптері:**

Жеке бастың еркіндігі туралы конституциялық принципке сәйкес ҚР Азаматтық кодексі азаматқа (демек, жолаушыға да) өзінің өмірін және денсаулығын, сондай-ақ қол-жүгін (немесе басқа жеке заттарын) сақтандыру міндетін жүктемейді. Жолаушы өзінің жеке және мүлкілік міндеттерін ерікті түрде сақтандыра алады. Аталған сақтандыру түрінің ерекшелігі – жолаушы өзінің өмірін және денсаулығын бір мезгілде бірнеше сақтандырушыларда және шексіз мөлшердегі сақтандыру сомасында сақтандыра алады. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда әрбірі сақтандырушыдан сақтандыру төлемдерін талап ете алады (аталғандарды оның мұрагерлері де талап ете алады). Сақтандыру арқылы өтелмейтін жалғыз ғана жағдай – болып сақтандыру оқиғасын болдыру мақсатындағы жолаушының қасақана әрекеттері болып табылады.

Ерікті сақтандыру бойынша зақымданушы жолаушыларға немесе оның мұрагерлеріне сақтандыру төлемдері тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төленетін сомаларға тәуелсіз жүзеге асырылады.

Ерікті сақтандыру келісімі қарапайым формадағы сақтандыру полисімен ресімделеді және жолаушыға жол жүрер алдында беріледі. Сақтандыру полисі кем дегенде ҚР Азаматтық кодексімен қарастырылған маңызды шарттарды қамтуы тиіс (жолаушының аты жөні, сақтандырушының атауы мен реквизиттері, сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйақысының мөлшері, сақтандыру сыйақысын төлеу мерзімі, сақтандырудың күші жүретін жерлер мен мерзімдер).

Келісімнің аса маңызды шарты – жолаушының кеңістіктегі қорғау (сақтандыру) жерлерін анықтау болып табылады. Әдетте бұл жолаушының тасымалдаушының бақылау немесе жауапкершілік сферасына (авто, өзен, теңіз немесе теміржол вокзалдары, аэропорт, агенттік) кірген сәттен басталады және жолаушының тасымалдаушы бақылауындағы территориядан шыққан сәтте аяқталады. Сонымен қатар тасымалдаудың барлық бастапқы-соңғы және аралық кезеңдерінде (агенттіктен аэропортқа бару және кері қайту, аэропорттан аэропортқа жету және т.с.с.) сақтандыру өз күшін сақтайды. Айтылғандардың барлығы жолаушының қол жеткіне де қатысты.

Шет елдік практикада жол бойындағы қолайсыз жағдайлардан жолаушыларды сақтандыру барысында «блок-полистер» қолданылады. Блок-полис – дегеніміз бұл тіркеулі сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйақысын қарастыратын жол жүру құжатымен (туристік ваучермен) біріккен сақтандыру полисі. Блок-полисті

билетті сату барысында билет басып шығару автоматы береді және арнайы мөрмен белгіленеді. Сондай-ақ, блок-полистің банктік несиелік карточкамен бірігуі де қолданылады («банкассюранс» сақтандыру). Сақтандыру полисі несиелік карточканың жеке кодымен идентификацияланады және сол арқылы шет елге сапар шегу кезінде қолайсыз жағдайлардан, жиктерді, медициналық шығындарды және басқа да жағдайлардан сақтандыру келісімін растайды.

### **Қазақстандағы медициналық сақтандыру деңгейі.**

Қазақстанда 90-жылдары міндетті медициналық сақтандыруды жүзеге асыру жолдары да қарастырылып, осы мақсатта (ФОМС) міндетті медициналық сақтандыру фонды құрылған. Алайда фондтың басшысы өзінің қызмет дәрежесін пайдаланып, фонд қаражатын жымқырып, шетел асып кеткені белгілі. Нәтижесінде міндетті медициналық сақтандыру фонды жұмысын тоқтатады, ал халық медициналық сақтандырусыз қалады. Әрине, осындай жағдайлардан кейін бүгінгі күні халықтың міндетті медициналық сақтандыруға күмәнмен қарауын түсінуге болады.

Қазіргі кезде көптеген сақтандыру ұйымдары ерікті сақтандыру қызметтерін ұсынып отыр, ол азаматтардың жеке тұтыныстарын есепке ала отырып қосымша медициналық қызметтердің мейлінше лайықты нұсқаларын қамтамасыз ете алады. Қазақстандағы Сақтандыру нарығында ерікті медициналық сақтандыруға деген сұраныс төмен. Бар жоғы 2 %-ды құрайды екен. Сақтандыру нарығындағы мамандардың ойынша бұл көрсеткіш 1–2 жылда өзгере қоймас. Ерікті медициналық сақтандыру міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне толықтыру болып табылады.

Ерікті медициналық сақтандыруды (ЕМС) дамыту Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгендей, денсаулық сақтау секторы үшін қосымша ресурстарды жұмылдырудағы және өз денсаулығы үйін жауапкершілікті арттырудағы бағыттардың бірі болып табылады. Біздің елімізде медициналық сақтандырудың ерікті түрін пайдаланады. Бірақ халықтың көпшілігі медициналық сақтандырудың не екенін біле бермейді

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ең дұрысы міндетті және ерікті медициналық сақтандырудың үйлесімі болып табылады. Мысалы, АҚШ-та «Медикор» жүйесі – егде адамдар үшін, «Медикәйд» жүйесі – кедейлер, жұмыссыздар мен мүгедектер үшін; ГФР-де – сықатты сақтандыру. Медициналық сақтандырудың шетелдік жүйелері, әдеттегідей, өзін-өзі сақтандыру қағидағында

(жұмыс берушілердің, жұмыскерлердің және мемлекеттің негізінен төменгі әкімшілік буынның қатысуы) жұмыс істейді және нысандары мен әдістерінің сан алуандығымен ерекшеленеді. АҚШ-та ерікті медициналық сақтандыру мен ақылы медициналық көмек ерекше дамыған. АҚШ-тық денсаулық сақтау моделі басқа ешбір елде таза түрінде пайдаланылады деп айту қиынға соғады.

**Сақтандырудағы маркетинг** – бұл өз аймағындағы, басқа да аймақтардағы және жалпы мемлекет бойынша сақтандыру қызметінедеген қалыптасқан сұраныс пен ұсынысты зерттеу, талдау және есепке алу бойынша, сондай-ақ белгілі бір бағыттағысақтандыру қызметіне сұранысты қалыптастыру бойынша шаралар болып табылады. Сақтандыру ұйымдары өзіндік маркетинг қызметтерін құрады немесе арнайы маркетингтік ұйымдарға немесе қызмет орындарына жүгінеді.

Сақтандыру маркетингінің міндеттері:

- сақтандыру нарығының жағдайын және нақты сақтандыру қызметтеріне (сақтандыру түрлеріне) сұраныстың перспективасын зерттеу;

- сақтандырушының жұмысын ұйымдастыруды арттыру және қолындағы мүмкіндіктерін жүзеге асыру резервтерін және жолдарын анықтау;

- сақтандыру қызметінің (сақтандыру түрлері) жаңа түрлерін әзірлеу.

Сақтандыру маркетингінің іскерлік стратегиясы және тактикасы:

- потенциалды сақтанушылардың (заңды және жеке тұлғалардың) қажеттіліктерін зерттеу;

- сақтандыру нарығында қалыптасқан жағдайларды талдау;

- өз аймағының және жалпы мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік даму жағдайын және тенденцияларын зерттеу;

- бәсекелес сақтандырушылардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін талдау;

- жарнамалық іс-шаралардың тиімділік эсерін талдау;

- қалыптасқан нақты жағдайларда өз бетінше сәтті әрекет ету мүмкіндіктерін бағалау;

- сақтандыру қызметтерін потенциалды сақтанушыларға ұсынудың жаңа формаларын және каналдарын жасақтау;

- потенциалды сақтанушыларды ынталандыратын шараларды зерттеу мақсатында халық және шаруашылық субъектілері арасында сұрақнама жүргізу. Яғни, сақтандыру келісімін жасауға адамдарды итермелейтін факторлардың кешенін анықтау (экономиканың дамуы, өмір сүрудің әлеуметтік жағдайлары, демографиялық, ұлттық, кәсіби,



жыныстық және т.б. ерекшеліктер, сақтандыру мүддесін психологиялық тұрғыдан қабылдау).

Қазіргі таңда сақтандыру компаниялары сақтандырудың бірнеше бағдарламаларын ұсынады:

Туристердің медициналық сақтадырылуы үшін «Цесна Гарант» компаниясы өзінің келесідей сақтандыру бағдарламалық ұсынады

**Сақтандыру бағдарламалары:**

- «Стандарт» бағдарламасы демалысқа, оқуға, іскерлік сапарға шығатын тұлғаларға арналады;

- «Премиум» бағдарламасы медициналық қызметтер бойынша үлкен лимиттермен демалысқа, оқуға, іскерлік сапарға шығатын тұлғаларға арналады;

- «Спорт» бағдарламасы – спортшылар мен спорттың қатерлі түрлерімен шұғылданатын тұлғалар үшін;

- «Көп реттік сапар» бағдарламасы бір виза бойынша шетелге жиі шығатын тұлғалар үшін қолданылады;

- «Оқу» бағдарламасы шетелге оқуға шығатын студенттер мен мектеп оқушыларына, және де машыктанушылар мен практикідан өтушілерге арналады.

**«Стандарт» бағдарламасына** сай сақтандыру Шартын жасасқан кезде Сақтандырылған тұлға уақытша тоқтаған елінде кенеттен ауырса немесе жазатайым жағдайға тап болса, Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандырылған тұлғаға уақытша тоқтаған елінде медициналық көмектің көрсетілуін қамтамасыз етуге және оның ішінде: медициналық кеңес, жедел медициналық көмек, амбулаторлық және немесе стационарлық емдеу бойынша шығындарды қоса алғанда, осымен байланысты шығындарды өтеуге;

2) 18500 (он сегіз мың бес жүз) теңгеден аспайтын емдеуші дәрігер тағайындаған дәрілік препараттардың құнын өтеуге;

3) шұғыл медициналық көмек көрсетуге және жазатайым жағдайдың салдарынан табиғи тістің ауырғанын басатын еммен емдеуге байланысты шығындарды 18500 (он сегіз мың бес жүз) теңгеден аспайтын мөлшерде өтеуге, атап айтқанда:

- табиғи тістерді экстракциялау, бірақ бір қабылдау кезінде 2-ден артық емес, перекоронаритті емдеуді, абсцессті ашуды, тістің тұқылын резекциялау, тігу;

- орташа және терең кариес кезінде тістерді денервациялау және депульпациялау, бұған уақытша пломба материалдарының құны кіреді;

- жазатайым жағдайдың салдарынан тіс-жақ аппараттарының зақымдалуы кезінде хирургиялық стоматологиялық көмек (жақтың шығып кетуі, жақ сүйектерінің сынуы);

- ортодонтия, ортопедия, косметология, протездеу мен оған дайындау айрықша болып табылады және сақтандырумен камтылмайды;

4) сақтандырылған тұлғаны уақытша тоқтаған еліндегі жақын ауруханалардың біріне тасымалдауды ұйымдастыруға;

5) сақтандырылған тұлғаны рейсті көлікпен тұрақты тұратын елінің ең жақын халықаралық портына дейін ауыстыруды (эвакуациялауды) ұйымдастыруға;

6) сақтандырылған тұлға уақытша тоқтаған елінде қайтыс болған жағдайда, оның денесін (репатриация) тұрақты тұратын елінің жақын халықаралық портына дейін рейстік көлікпен тасымалдауды ұйымдастыруға.

Әрбір нақты жағдайда эвакуация туралы шешім және көлік түрін таңдау Сақтандырушының дәрігерінің және жергілікті емдеуші дәрігердің келісімі бойынша қабылданады. Аталған келісімсіз сақтандырушы эвакуациялау шығындарын өтемейді. Репатриациялау тәсілі туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды. Сақтандырушы жерлеу шығындарын өтемейді.

Бұл бағдарлама біржолғы сапарларға арналған. Сақтандыру арқылы қорғалу 1 күннен бастап 365 күн мерзіміне ұсынылады.

Сақтандыру жағдайы туындаған кезде туристтің іс-әрекеті (ауырып қалған жағдайда, оқыс жағдайларда, тамақпен уланған жағдайларда т.б.):

- сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап 24 сағаттың ішінде өзі немесе туристік топ басшысының көмегі арқылы телефон немесе телефакс т.б. құралдар арқылы сақтандыру полисінде көрсетілген диспетчерлік пунктпен хабарласу керек;

- сақтанушының аты жөні, тегі, сақтандыру полисінің жарамды мерзімі хабарланады;

- оның мекен жайы, хабарласуға мүмкін болатын телефон немесе телефакс номері;

- болған жағдайды қысқаша мәлімдеу, диагнозын айту.

Егер сақтандыру компаниясымен хабарласпаған жағдайда, сақтанушы немесе туристік топтың жетекшісі қабылдаған дәрігерге сақтандыру полисін көрсетіп, медициналық көмектің төлем ақысы осы сақтандыру компаниясының есебінен болатынын ескерту керек. Сонымен қатар сақтандыру компаниясы бір тәулік ішінде ескертілу керектігін айту міндетті.

Егер сақтандыру компаниясы бір тәулік ішінде ескертілмесе, сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға немесе сақтанушының денсаулығына байланысты хабарласа алмағаны дәлелденген болса, жартылай ғана төлеуге құқысы бар.

**Рецептивті және инициативті туроператорлар арасындағы келісімшарттық қатынастар.**

Туроператорлар саудалары туристік қызметтер тәжірибесінде бағдарлаушы (инициативті-шетел турларын ұйымдастырушылар) және қабылдаушы (рецептивті) деп бөлінеді. Рецепттивті және инициативті туроператорлар арасындағы келісім туроператорлар мен турагенттер арақатынасына ұқсас болып келеді. Инициативті туроператор мен шетелдік қабылдаушы серікпесі яғни рецепттивті туроператорлар арасындағы келісімдерді қарастырайық. Инициативті және рецепттивті туроператорлар клісмінде келесі жағдайлар көрсетілуі керек:

Маршрутты инклюзив-тур ұйымдастырғанда:

- туристтарға саяхат уақытында турдың маршруты, қызметтердің бағдарламасы және пакеті берілуі керек;

- келу уақыты және жолға шығу уақыты;
- қалаларға барудың тізбек бойынша тізімі;
- көліктің түрі;
- әрбір қалада болатын күндерінің сан;
- экскурсиялардың тізімі.

Жеке тапсырылған турларды ұйымдастырғанда:

- келу күні және туристтардың жолға шығу күні;
- қызметтердің тізімі және олардың санағтары.

Туристерді демалалатын жерлеріне жеткізген соң міндетті түрде олардың саяхат ұзақтығын күн саны мен түн саны бойынша белгілеу керек, мысалы: 10 күн, 11 түн. Сонымен қатар есте сақтайтын бір нәрсе, әрбір қонақ үйде есептесу уақыты болады. Көбінесе бұл уақыт күндізгі сағат 12 (Италияда бұл уақыт таңғы сағат 10 болуы мүмкін). Сондықтан туристерге күндізгі сағат 12-ге дейін бөлмелерін босатуға тура келеді, бұл уақытқа дейін бөлмені босатпаған жағдайда олардан жарты күннің немесе бір күннің ақшасы сұралады. Кейде қабылдаушы фирмамен немесе қонақ үймен келісім бойынша туристік топқа бөлмелерін босатқан соң жүктерін қоюға тегін бөлме берілуі мүмкін. Кейбір қонақ үйлерде арнайы жүк сақтау орындары болады. Осындай жағдайдың барлығы қабылдаушы әріптесіне ескертіліп, келісімде көрсетілуі қажет.

Турстерді қонақ үйге орналастыруды талқылағанда қонақ үйдің санатын, типін, орналасу орнында фирмамен клісу қажет. Бұл

параметрлердің барлығы туристердің әлеуметтік құрылымына және саяхаттау мақсатына байланысты болады.

Қажет болған жағдайда келісім-шартта ақысы үшін қосымша жайлылық шарттары (терезесі теңізге караған т.б.) қарастырылуы керек. Сонымен қатар келісім-шартта туристердің мүмкін болатын тамақтану түрлері де қарастырылады. Осындай жағдайлармен қатар келісімде туристерді әуежайдан қарсы алып, қонақ үйге және керсәнше қонақ үйден әуежайға жеткізу болуы керек. Туристерді қонақ үйге жеткізу үшін қабылдаушы фирманың автобустары қолданылады. Трансфер құны міндетті түрде турпакеттің ішіне кіруін инициативті туроператор қадағалау керек.

Келісім-шартта жоспарлы және қосымша экскурсиялар айқын ескертілуі керек. Сонымен қатар экскурсияның жүргізілетін тілі және экскурсия барысында мұржайларға т.б. объектілерге кіру билетінің құны экскурсия құнына кіретінін не кірмейтіні де ескеріледі.

ERV МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТРАХОВОЙ ПОЛИС / INTERNATIONAL INSURANCE POLICY № E001-00000

Дата вступления в силу: 01.12.1952

Место вступления в силу: Russia, Moscow

Срок действия: с 01.12.1952 по 14.08.2011

Сумма покрытия: 30000 EUR

САНКТ-ПЕТЕРБУРГСКОЕ АГЕНТСТВО СТРАХОВАНИЯ

3.1-сурет – Халықаралық сақтандыру полисінің нұсқасы

**Сақтандыру полисі** – италиялық «polizza» деген сөзден шыққан. Қолхат, құжат түбіртегі ұғымдарын білдіреді. Сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы түзілген сақтандыру шартын куәландыратын, сақтандырушы тарапынан берілетін құжат.

Сақтандыру шарттары қысқа мерзімді, жыл сайын, немесе кейбір жағдайларда бірнеше жылда бір рет қайта жасалынатын болып келеді. Себебі клиенттер үшін, сақтандыру оқиғасы туындауы қауіпті уақытқа байланысты өзгеріп отырады, сондықтан да сақтандырушылар, жыл

сайын қызмет бағасының өсуіне байланысты, оған өзгертулер енгізіп отыруға мәжбүр болады.

Полис, жекелей түзілген, отбасылық немесе топтамалық болып келеді. Сақтанушы қолына полистің өзі, немесе оның есеп деректемелерін, көмек көрсету жайлы сұраныстарын тіркеп отыруы үшін, полистің басқа да бір нысаны беріледі.

**Жалпы ережелер:**

1) сақтандыру полисі – сақтандырушы сақтанушыға беретін және сақтандыру шарты болып табылатын құжат;

2) сақтандыру полисінде мынадай мәліметтер бар:

- сақтандырушының атауы, тұрған жері, телефоны және банктік деректемелері;

- сақтанушының фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса), салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін);

- сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), мекен-жайы, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);

- экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);

- сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті мемлекеттік орган берген мемлекеттік лицензияның берілген күні, сериясы және нөмірі туралы мәліметтер;

- сақтандыру объектісін көрсету;

- сақтандыру жағдайын көрсету;

- сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемінің тәртібі және мерзімдері;

- сақтандыру сыйлықақысының (егер ақы мәулетпен төленетін болса, сақтандыру жарнасының) мөлшері, валюта түрі, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;

- сақтандыру полисінің қолданылатын аумағын көрсету;

- сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;

- сақтандырылған адам (пайда алушы) туралы көрсету, егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтаушы болып табылмаса;

- тараптардың қолы;

- сақтандыру полисінің нөмірі;

- сақтандыру полисінің берілген күні;

- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәліметтер.

Қазақстандағы рi сақтандыру компанияларының бiрi – «НСК» сақтандыру компаниясы 1996 жылы құрылды.

«НСК» АҚ сақтандыру шарты кездейсоқ ауырып қалу немесе жарақат алу жағдайында қымбат тұратын емдеуді өтейді. Ал бұл ауруханаға жатқызу және көрсетілген медициналық қызметтер мен дәрілер үшін қомақты сомалы есепшоттың келуіне әкеліп соғуы мүмкін. Сақтандыру шарты шетелде емдеуге шығатын қомақты жоспарланбаған шығындардан сақтайды.

Сақтандыру қандай да бір себептермен уақытша шетелге шығатын әрбір адамға қажет:

- туристерге;
- шетелге оқуға баратын студенттерге;
- іссапарға және жалдану бойынша жұмысқа шығатын тұлғаларға;
- кәсіпқой спортшыларға және белсенді демалыстың әуесқойларына.

Бару үшін міндетті түрде сақтандыруды сатып алу қажет болатын елдер:

- Еуроодақ мемлекеттері;
- АҚШ, Канада, Жапония, Австралия;
- Африка, Азия, Латын Америкасы елдері және Еуроодаққа кірмейтін Еуропа континентінің аумағындағы мемлекеттер.

Шетелге шығуларды сақтандыру құны сақтандыру сомасына, сапар мақсатына, бару еліне және шетелде болу уақытына байланысты болады.

### 3.2-кесте – Сақтандыру сомасы («НСК» сақтандыру компаниясы)

Елдер, континенттер	1 адамға 10 күнге сақтандыру құны, евромен	Сақтандыру сомасы, евромен
Түркия, Египет, Таиланд	6,6 бастап	10 000 бастап
Еуропа (Шенген аумағы)	12 бастап	30 000 бастап
АҚШ, Жапония, Австралия	15,4 бастап	50 000 бастап

ТМД елдеріне бару үшін мұндай сақтандыру шекарадан өту кезінде міндетті емес, бірақ сол елде болу уақытында қажет. Сақтандырусыз Қазақстанның азаматтары жедел жағдайларда медициналық көмек ала алмайды.

3.3-кесте – Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларының саны

№	Аймақ атауы	Сақтандыру компаниялары және агенттіктерінің жалпы саны
1	Қазақстан Республикасы	1051
2	Ақмола облысы	46
3	Ақтөбе облысы	57
4	Алматы облысы	38
5	Алматы	140
6	Астана	109
7	Атырау облысы	50
8	Байқоңыр	4
9	Шығыс Қазақстан облысы	102
10	Жамбыл облысы	40
11	Батыс Қазақстан облысы	54
12	Қарағанды облысы	129
13	Қостанай облысы	62
14	Қызылорда облысы	34
15	Маңғыстау облысы	40
16	Павлодар облысы	55
17	Солтүстік Қазақстан облысы	42
18	Оңтүстік Қазақстан облысы	49

Сақтандыру арқылы қорғау қандай жағдайларда қолданылады?

Егер шетелде уақытша болатын адам кездейсоқ ауырып қалған, жазатайым жағдайдың нәтижесінде жарақат алған болса.

Сақтандыру жағдайы болып табылады:

- сақтандыру аумағында болу уақытында сақтандыру жағдайы басталған кезде жедел медициналық және медициналық-көліктік көмекті алу;

- сақтандырылушының сапар кезінде қол жүгінің жоғалуы немесе зақымдануы, егер қол жүгінің сақталуы үшін жауапкершілік оны тасымалдау кезінде тасымалдаушының жауапкершілігіне өткен болса;

- Қазақстан Республикасынан тысқары сапарға шығудың мүмкін болмауы салдарынан туындаған шығындар.

«НСК»да сақтандырудың артықшылықтары:

- Әлемнің кез келген елінде қорғауды қамтамасыз ету;

- тәулік бойына қызмет көрсету: сақтандырылушыларға 24 сағат, аптасына 7 күн әлемнің кез келген түкпірінде біздің негізгі

халықаралық серіктестеріміз «КЛАСС-АССИСТ» және Акдениз Аларм көмек көрсетеді;

- білікті медициналық көмек көрсету мекемесі;

- медициналық көмек үшін төлем клиенттің қатысуынсыз жүзеге асырылады, сақтандыру жағдайы бойынша шығындарды «НСК» АҚ өз мойнына алады;

- 120 астам туристік компаниялар өз клиенттерін бізге сеніп тапсырады. Жыл сайын шамамен 80 мың туристер «НСК» АҚ шартымен бірге саяхатқа шығады.



## Қорытынды

Сақтандыру кез-келген елдің тұрақты және тепе-теңдік дамуына себебін тигізетін ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі. Біздің республикамызда соңғы жылдары сақтандырудың пайда болуы мен дамуы жүруде. Сақтандырудың қалыптасуы мен дамуы бірқатар мәселелермен ұштасуда.

Сақтандыру қызметі нарығы реформаланушы экономиканың төмендегілерге әсер ететін маңызды секторларының бірі:

- мүліктік нұқсан мен табыстағы жоғалтуларды толық және уақытылы өтеуге;

- сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметі арқылы сақтандыру қорларының уақытша бос ақша қаражаттарын (сақтандыру резервтерін, меншік капиталын) тиімді пайдалануға;

- елдің мемлекеттік бюджетінің табыстық бөлігін сақтандыру операцияларынан түсетін табыс есебінен толықтыруға.

Жоғарыдағы талдау негізінде төмендегідей қорытынды шығады: нарықтық экономика сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымын көздейді. Оның құрамына мыналар кіреді:

- сақтандыру операцияларын реттеудің құқықтық тетігі;
- сақтанушыларға қызмет ететін субъектілер, заңды тұлғалар;
- банктік ұйымдар;
- кеңес беруші фирмалар, кадрлар дайындау бойынша мекемелер, ақпарат, баспа, жарнама, т.б. органдары.

## **А қосымшасы** (міндетті)

### **Глоссарий**

**Актуарий** – сақтандыру Компанияның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығының тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында міндетемелер мөлшеріне, сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша, сақтандыру сыйақылардың мөлшерлемелеріне, өткізілетін және өткізілуі жоспарланған сақтандырудың түрлеріне экономикалық-математикалық есептеулерін жасайтын жеке тұлға. Уәкілетті органы берген лицензияға ие.

**Аджастер** – сақтандыру төлем жөніндегі өтінішті және сақтандыру оқиғасы салдарынан болған шығындарды бағалауымен айналысатын сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері.

**Андеррайтер** – сақтандырылуға жататын сақтандыру тәуекелдердің бағалауымен және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттардың жағдайларын анықтауымен айналысатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері.

**Аннуитеттік сақтандыру** – зейнетақы түрінде мерзімді сақтандыру төлемдердің немесе сақтандыру шартымен бекітілген мерзім ішіндегі рентадың немесе сақтандырылған тұлғаның белгілі жасқа жеткен жағдайда еңбекке қабілеттілігінен айырылу (жасына, мүгедектігіне, ауруына қарай), асыраушының қайтыс болған жағдайда, жұмыссыздық орын алған жағдайда немесе сақтандырылған тұлғаның дербес кірісінің төмендеуі немесе айырылу жағдайларында өмірлік төлемдердің жасалуын қарастыратын жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

**Өтеу сомасы** – жинақтаушы сақтандыру шарты мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтанушының алатын ақша сомасы.

**Медициналық сақтандыру** – бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зияндық орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынастар. Ол әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар елдердің сақтық қорғауы тұтас жүйесінің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады.

**Жүктерді сақтандыру** – мүлктік сақтандыру түрі. Мұнда құрғақпен, су және әуе жолдарымен тасымалданатын жүктер опат болғанда (зақымданғанда) залалды өтеу көзделеді.

**Сақтандырылған тұлға** – сақтандырудың жасалуына қатысты тұлға.

**Жазатайым оқиға** – Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, электр, химикалық немесе термиялық әсерінің нәтижесінде денсаулығына зиян келтіруіне, жарақаттануы немесе өліміне әкеп соққан адамның ерігіне тәуелсіз кенет болған оқиға.

**Қайта сақтандыру** – барлық сақтандыру тәуекелдерді немесе оның бөлігін қайта сақтандыруға Қайта сақтандырушымен тапсырылуы және қайта сақтандыру шартына сәйкес бұл тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымымен қабылдануы.

**Аралас сақтандыру** – сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру төлемнің жасалуын көздейтін сақтандыру, оның ішінде сақтандыру шартымен белгіленген мерзімнің аяқталғаннан кейін немесе оның сақтандыру шарты мерзімнің соңына дейін аман болу немесе шартпен көзделген өзге жағдайды көздейтін сақтандыру, қайсысы бұрын орын алғанына байланысты.

**Өмірді сақтандыру** – сақтандырылған тұлғаның қайтыс болған немесе сақтандыру мерзімнің аяқталуына дейін, немесе сақтандыру шартпен белгіленген жасқа дейін жеткен жағдайда сақтандыру төлемнің жасалуын көздейтін сақтандыру түрлердің жиынтығы.

**Пайда алушы** – сақтандыру төлемдерін алушы тұлға; Шарт ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемдерін алушы болып Сақтанушы табылады.

**Сақтандыру төлемі** – сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда немесе сақтандыру шартпен бекітілген мерзімнің орын алған жағдайда Сақтандырушының Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы.

**Сақтандыру ұйымы (Сақтандырушы)** – уәкілетті органы берген лицензиясы негізінде сақтандыруды және сақтандыру шарттардың орындауын жүзеге асыратын заңды тұлға.

**Сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары)** – сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (пайда алушыға) төленуге тиісті сақтандыру төлемнің ақша сомасы.

**Сақтандыру агенті** – сақтандыру агенттердің тізіліміне енгізілген және бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымының атынан және тапсырма шарттың негізінде оның тапсырмасы бойынша бітістіруші қызметін атқаратын жеке немесе заңды тұлға.

**Сақтандыру брокері** – сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасалуына және орындалуына байланысты сақтанушының қатынастарын көрсететін немесе сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттардың жасалуына

байланысты бітістіруші қызметін, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кеңестік қызметін атқаратын заңды тұлға.

**Сақтандыру омбудсман** – сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.

**Сақтандыру тәуекел** – сақтандыру жағдайдың орын алу мүмкіндігі.

**Сақтандыру жағдайы** – сақтандыру шарттың талаптарына сәйкес тәртіпте сақтандыру төлемі жасалатын жағдайдағы сақтандыру шартпен көзделген оқиға.

**Сақтандыру резервтері** – актуарлік есептеу негізінде бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың міндеттемелері.

**Сақтандыру сомасы** – Сақтандырушының Шарт бойынша өз міндеттерін атқарған көлеміндегі Шартпен белгіленген ақшалай сомасы. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының жауапкершілік шегі болып табылады. Кез келген жағдайда, сақтандыру төлем мөлшерінің шегі (жауапкершілік шегі) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан аспайды.

**Сақтандыру (сақтандыруды қорғау)** – Сақтандырушының міндеттемесі, тиісті тұлғаға сақтандыруды қорғау кезінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін, Шарт тәртіптеріне сәйкес жүзеге асыру.

**Сақтандыруды қорғау мерзімі** – сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелері пайда болған мерзімі.

**Суброгация** -subrogation — келтірілген залалға жауапты тұлғаға Сақтанушының талап қою құқының сақтандыру төлемін атқарған Сақтандырушыға ауысуы. Шағымдану құқына, талаптануға және одан басқаға қатысты жағдайларда бір тұлғаны басқамен ауыстыру.

**Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру Шартына отырған тұлға;

**Сақтандырушы** — сақтандыруды жүзеге асыратын тұлға, атап айтқанда, сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Шартта белгіленген тәртіп бойынша сақтандыру төлемдерін атқаруға міндетті.

**Сақтау шығыны** – тауарды (өнімді, бұйымды) сатып алушыға (тұтынушыға) жөнелткенге дейін қоймаларға, басқа да сақтау орындарына орналастыруды қоса алғанда оны сақтаумен байланысты шығын.

**Сақтық капиталы** – акционерлік қоғамдағы арнаулы ақшалай қор; ықтимал залалды жабу мақсатымен және облигацияларды өтеу

және есепті кезеңде табысты кем алған жағдайда артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді төлеу үшін құрылады. Сақтық қордық шамасын акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді, бірақ жарғы капиталы шамасының 12 %-ынан кем болмауға тиіс. Қор акционерлік қоғамның таза табысы есебінен құралады.

**Сақтық қоры** – тосын жағдайдан пайда болатын шығындарды жабу, залалдың орнын толтыру, уақытша қиындықтарды жою, қандайда бір төтенше оқиғалар болған жағдайда қалыпты қызметті қалпына келтіру үшін ақшалай және заттай нысанда жасалатын, босалқы қаражат қоры. Бұл оқиғалар жағымсыз факторлардың – табиғат апаттарының, ереуілдердің салдарынан болуы немесе жағымды жәйттерге – ғылыми ашылымдарға, пайдалы қазбалардың мол кеніші табылуына байланысты болуы мүмкін.

**Сақтандыру полисі** – сақтандыру қоғамы сақтандырылған адамға немесе мекемеге беретін, сақтандыру туралы жасасылған шарттың талаптары баяндалған құәлік.

**Сақтандыру пулы** – белгілі бір түрдегі қауіп-қатерді бірлесіп сақтандыруға негізделген сақтандыру компанияларының бірлестігі. Сақтандыру пулының әрбір мүшесі пулға сақтандырылған қауіп-қатер құжаттарын береді, пул жинаған сыйлық қорының (сақтандыру жарналарының) белгілі бір үлесін алады, нақ сол үлестегі жауапкершілікті мойнына алады және залалды өтейді.

**Б қосымшасы**  
(міндетті)  
**Тесттер**

**1. Сақтандыру жағдайларының жиілігіне қарай көшбасшы ел:**

- A) Түркия;
- B) Ұлыбритания;
- C) Испания;
- D) Тунис;
- E) Египет.

**2. Қай елдерде сақтандыру жағдайлары жиі болады?**

- A) Африка елдерінде;
- B) Европа елдерінде;
- C) Оңтүстік Америка елдерінде;
- D) Солтүстік Америка елдерінде;
- E) Скандинавия елдерінде.

**3. Сақтандыру жағдайы деген не?**

A) басталуына орай туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

B) сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушыжауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

C) сақтанушыға азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылданғаны үшін сақтандырушыға сақтанушының төлеуі міндетті ақша сомасы;

D) сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

E) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға шартта айқындалған сома шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті сақтандыру ұйымы.

**4. Сақтандыру бағасы-бұл:**

A) объектінің нақты сақтандырылғандағы ақша қаражаттарының сомасы;

- В) сақтандыру мақсты үшін объект құнын анықтау;
- С) сақтандыру сомасы;
- Д) сақтандыру сомасына теңестірілген нақты сақтандыру құны;
- Е) объектінің құны.

**5. Сақтандыру нарығының тауары болып не саналады:**

- А) сақтандыру полисі;
- В) сақтандыру қызметін көрсету;
- С) сақтандырудың шарттары;
- Д) сақтандыру келісімі;
- Е) сақтандыру сомасы.

**6. Сақтандыру нарығы дегеніміз не?**

- А) сақтандыру ісінің монополизациясы;
- В) көптеген бәсекелесуші сақтандыру компаниялары;
- С) сақтандыру қызметінің ерекшелігі бар тауардың сату-сатып алу себебі бойынша тауар-ақша қатынасының жүйесі;
- Д) тікелей сақтандыру нарығы және қайта сақтандыру нарығы;
- Е) сақтандыру мақсты үшін объект құнын анықтау.

**7. Сақтандыру нарығының тауары болып не саналады?**

- А) сақтандыру полисі;
- В) сақтандыру қызметін көрсету;
- С) сақтандырудың шарттары;
- Д) сақтандыру келісімі;
- Е) сақтандыру сомасы.

**8. Қайта сақтандыру деген не?**

- А) сақтандыру операцияларының тиімділігін қамтамасыз ету жағдайларының бірі;
- В) тәуекелдерді бірлесіп сақтандыру үшін компаниялардың бірігуі;
- С) бір сақтандырушыдан екіншісіне тәуекелді тапсыру бойынша экономикалық қатынастардың жүйесі;
- Д) шығындарды ұжым болып өтеу;
- Е) сақтандыру мақсты үшін объект құнын анықтау.

**9. Қай жылы алғашқы сақтандыру ұйымы ашылды?**

- А) 1310 ж.;
- В) 1410 ж.;
- С) 1510 ж.;

### **15. Сақтандырудың түрлері:**

А) көлікті, мүлікті, жүкті, тәуекелділікті, өмірді, медициналық, азаматтық құқықты;

В) көлікті, жүкті, тәуекелділікті, өмірді, медициналық, азаматтық құқықты;

С) көлікті, мүлікті, тәуекелділікті, өмірді, медициналық, азаматтық құқықты;

Д) көлікті, мүлікті, жүкті, тәуекелділікті, өмірді азаматтық құқықты;

Е) көлікті, мүлікті, жүкті, өмірді, медициналық азаматтық құқықты.

### **16. Сақтандыруға деген сұраныс пен ұысынысты кездестіретін орын:**

А) сақтандыру ұйымы;

В) сақтандыру мекемелері;

С) сақтандыру нарығы;

Д) коммерциялық банк;

Е) барлық жауап дұрыс.

### **17. Сақтандыру дегеніміз:**

А) уәкілетті органдардың тиісті лицензиясы негізінде қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

В) сақтандыру ұйымдарының қызметі;

С) сақтанушы мен сақтандырушының келісімі;

Д) сақтандырушының белгілі-бір ұйыммен шарты;

Е) барлық жауап дұрыс.

### **18. Суброгация (subrogation) нені білдіреді?**

А) келтірілген залалға жауапты тұлғаға Сақтанушының талап қою құқының сақтандыру төлемін атқарған Сақтандырушыға ауысуы. Шағымдану құқына, талаптануға және одан басқаға қатысты жағдайларда бір тұлғаны басқамен ауыстыру;

В) өндірістік фактор, оның қызметкерге тигізген әсері ауруға немесе еңбекке жарамдығын төмендетуге апаруы мүмкін;

С) сақтанушының Сақтандырушыға, сақтандыру жағдайы туындаған кезде, соңғының Шарт тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемдерін атқару міндеттемелерін өзіне алғандығы үшін, төлеуге міндеттелген Шартта көрсетілген сомасы;

Д) шартта көзделген төлемдерді атқаруға себеп туғызушы оқиға;



- D) 1305 ж.;
- E) 1315 ж.

**10. Қай елде алғашқы сақтандыру ұйымы ашылды?**

- A) Германия;
- B) Франция;
- C) Ұлыбритания;
- D) Испания;
- E) Ресей.

**11. Сақтандыру жайындағы негізгі құжат қалай аталады:**

- A) сақтандыру полисі;
- B) сақтандыру парағы;
- C) ваучер;
- D) туристік жолдама;
- E) инвойс.

**12. Қазақстанда сақтандыру ісі қай кезден бастап өз даму жолына түсті?**

- A) 90-шы;
- B) 80-ші;
- C) 70-ші;
- D) 60-шы;
- E) 50-ші.

**13. Сақтандыру міндеттілік дәрежесі бойынша:**

- A) міндетті және ерікті;
- B) жеке және мүліктік;
- C) міндетті, міндетті емес;
- D) заңды және заңды емес;
- E) мемлекеттік және мемлекетік емес.

**14. Сақтандыру объектісі бойынша:**

- A) міндетті және ерікті;
- B) жеке және мүліктік;
- C) өмірді және мүлікті;
- D) денсаулықты және мүлікті;
- E) құқықты және мүлікті.

Е) сақтандыру төлемдерін алушы тұлға; Шарт ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемдерін алушы болып Сақтанушы табылады.

**19. Пайда алушы:**

А) сақтандыру төлемдерін алушы тұлға; Шарт ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемдерін алушы болып Сақтанушы табылады;

В) өндірістік фактор, оның қызметкерге тигізген әсері ауруға немесе еңбекке жарамдығын төмендетуге апаруы мүмкін;

С) сақтанушының Сақтандырушыға, сақтандыру жағдайы туындаған кезде, соңғының Шарт тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемдерін атқару міндеттемелерін өзіне алғандығы үшін, төлеуге міндеттелген Шартта көрсетілген сомасы;

Д) шартта көзделген төлемдерді атқаруға себеп туғызушы оқиға;

Е) келтірілген залалға жауапты тұлғаға Сақтанушының талап қою құқының сақтандыру төлемін атқарған Сақтандырушыға ауысуы. Шағымдану құқына, талаптануға және одан басқаға қатысты жағдайларда бір тұлғаны басқамен ауыстыру.

**20. Сақтандыру сыйақысы:**

А) сақтанушының Сақтандырушыға, сақтандыру жағдайы туындаған кезде, соңғының Шарт тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемдерін атқару міндеттемелерін өзіне алғандығы үшін, төлеуге міндеттелген Шартта көрсетілген сомасы;

В) өндірістік фактор, оның қызметкерге тигізген әсері ауруға немесе еңбекке жарамдығын төмендетуге апаруы мүмкін;

С) сақтандыру төлемдерін алушы тұлға; Шарт ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемдерін алушы болып Сақтанушы табылады;

Д) шартта көзделген төлемдерді атқаруға себеп туғызушы оқиға;

Е) келтірілген залалға жауапты тұлғаға Сақтанушының талап қою құқының сақтандыру төлемін атқарған Сақтандырушыға ауысуы. Шағымдану құқына, талаптануға және одан басқаға қатысты жағдайларда бір тұлғаны басқамен ауыстыру.

**21. Қандай шығындар сақтанушыға төленбейді?**

А) косметикалық ота жасату;

В) оқыс жағдайда жаракат алу;

С) жүктің жоғалуы;

Д) тамақтан улану;

Е) дәрі-дәрмектер алу.

**22. Қандай шығындар сақтанушыға төленбейді?**

А) санаторияда ем алу;

- В) оқыс жағдайда жарақат алу;
- С) жүктің жоғалуы;
- Д) тамақтан улану;
- Е) дәрі-дәрмектер алу.

**23. Қандай шығындар сақтанушыға төленбейді?**

- А) мас болып жарақат алса;
- В) оқыс жағдайда жарақат алу;
- С) жүктің жоғалуы;
- Д) тамақтан улану;
- Е) дәрі-дәрмектер алу.

**24. Қандай шығындар сақтанушыға төленбейді?**

- А) косметикалық ота жасату;
- В) оқыс жағдайда жарақат алу;
- С) жүктің жоғалуы;
- Д) тамақтан улану;
- Е) дәрі-дәрмектер алу.

**25. Қандай шығындар сақтанушыға төленбейді?**

- А) болған аурудың азғынуы;
- В) оқыс жағдайда жарақат алу;
- С) жүктің жоғалуы;
- Д) тамақтан улану;
- Е) дәрі-дәрмектер алу.

**26. Жеке сақтандыру деген не?**

А) сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынас;

В) түрлі материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтар сақтандыру қатынастарының нысаны болып табылады;

С) бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынас;

Д) құрғақпен, су және әуе жолдарымен тасымалданатын жүктер опат болғанда (зақымданғанда) залалды өтеу;

Е) кездейсоқ және болжанбаған оқиғалар жағдайында материалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ақылға қонымды тәсілі.

### **27. Медициналық сақтандыру деген не?**

А) сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынас;

В) түрлі материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтар сақтандыру қатынастарының нысаны болып табылады;

С) бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынас;

Д) құрғақпен, су және әуе жолдарымен тасымалданатын жүктер опат болғанда (зақымданғанда) залалды өтеу;

Е) кездейсоқ және болжанбаған оқиғалар жағдайында материалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ақылға қонымды тәсілі.

### **28. Мүлікті сақтандыру деген не?**

А) сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынас;

В) түрлі материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтар сақтандыру қатынастарының нысаны болып табылады;

С) бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынас;

Д) құрғақпен, су және әуе жолдарымен тасымалданатын жүктер опат болғанда (зақымданғанда) залалды өтеу;

Е) кездейсоқ және болжанбаған оқиғалар жағдайында материалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ақылға қонымды тәсілі.

### **29. Жазатайым жағдайлардан сақтану деген не?**

А) сақтанушылардың өмірлері, денсаулықтары және еңбек қабілеттеріне байланысты мүдделерін қорғау бойынша сақтандыру қызметтерін көрсету кезіндегі сақтандырушы мен сақтанушы

арасындағы қатынас;

В) түрлі материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтар сақтандыру қатынастарының нысаны болып табылады;

С) бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған, жаракат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынас;

Д) құрғақпен, су және әуе жолдарымен тасымалданатын жүктер опат болғанда (зақымданғанда) залалды өтеу;

Е) кездейсоқ және болжанбаған оқиғалар жағдайында материалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ақылға қонымды тәсілі.

**30. Саяхатшы үшін медициналық сақтандыру сомасы неге тәуелді?**

А) саяхат ұзақтығына;

В) саяхатшының жеке қасиеттеріне;

С) әлеуметтік жағдайға;

Д) келісім шартқа қол қою мерзіміне;

Е) барлық жағдайларға тәуелді.

**В-қосымшасы**  
(анықтамалық)

**А.1 – Сактанлыру (қайта сактанлыру) ұйымдары**

p/c №	Сактанлыру ұйымының атауы	Мекен-жайы, телефон, факс, e-mail, web-site
1	2	3
1	«Kaspi Страхование» Акционерлік қоғамы	050059, Алматы қ., Фурманов көш., 244А т. 8 (727) 250-12-31, 250-16-81, факс 8 (727) 273-88- 27 e-mail: office@ajig.kz, web-site: www.ajig.kz
2	«Аманат» СК» АҚ (бұрынғы атауы – «Amanat Insurance» СК» АҚ)	050000, Алматы қ., Төле би көш., 63 т. (727) 244-33-44, 258-58-08 e-mail: mail@amanat-insurance.kz
3	«Kompetenz» Сактанлыру Компаниясы» АҚ («Allianz S.E.» Еуропалық Акционерлік Қоғамының Еңшлес компаниясы «Allianz Kazakhstan» (Альянс Қазақстан) Сактанлыру Компаниясы» АҚ)	050059, Алматы қ., Жамақалев көш., 155 т.(727) 2273161,ф.2273153 e-mail: office@kompetenz.kzwww.kompetenz.kz
4	«Альянс Полис» СК» АҚ	Алматы қ., Қалдаяқов к-сі, 79 т. (727) 258-47-47, 258-48-48, ф.258-59-57 e-mail: alp@alp.kz
5	«АСКО» СК» АҚ	Қарағанды қ., Бұқар-жырау даңғ., 15 т. (7212) 50-55-55, 50-66-66, 42-51-91 ф. 42-51-21 e-mail: info@asko.kz
6	«Сәлем» СК АҚ (бұрынғы атауы «Алатау» СК» АҚ)	050022, Алматы қ., Мәсәрич к., 98А 8 (727) 356-26-26е-mail: office@alatau-ins.kz
7	«Виктория» СК» АҚ	Алматы қ., Сейфуллин көш., 521, каб.109, 114, т.(727) 8(727) 250-69-36, e-mail: inbox@vic.kz, www.vic.kz

А.1-кесте жалғасы

1	2	3
8	«КазЭкспортГарант» Экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамы	Алматы қ., Зенкова к. 80, 2 кабинет т. (727) 250-00-21 ф. 293-88-37 e-mail: info@keg.kz
9	«Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы	050604, Алматы қ., Желтоқсан көш., 59 т. (727) 258-43-36, ф. 258-43-38 e-mail: info@theeurasia.kz
10	«Астық сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы	010000, Астана қ., Отырар көш., 4/2, оф.7 т. (7172) 20-01-41, 20-01-23, 20-02-66 e-mail: Zsk2003@mail.ru
11	«ДСЖМСҚК «Интертич» АҚ	050000, Алматы қ., Фурманов көш.275Е(заңды)/ Фурманов көш., 269 (нақты) т/ф. (727) 320-02-00, 320-02-06 e-mail: interteach@interteach.kz
12	«Халық - Қазақхнстрах» Қазақстан Халық Банкі Еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ	050008, Алматы қ., Абай даңғ., 109 "В" т. (727) 259-98-48, ф. (727) 244-81-82 e-mail: info@kis.com.kz
13	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	010002, Астана қ., Иманов көш, 11 үйі т. (717)290-17-22, ф. 90-17-23 e-mail: info@gak.kz
14	«Қазақмыс» СК» АҚ	050010, Алматы қ., Достық д-лы, 38, 7 кабат, блок А т., ф. 8(727) 345 01 25 info@kmic.kz. www.kmic.kz
15	«Қазкоммерц-Полис» сақтандыру компаниясы» («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	050013, Алматы қ., Сәтпаев көш., 24 (заңды) / 050005, Алматы қ., Төле би көш., 286/4 (нақты) т. (727) 295-22-33, ф. 2927397 e-mail: info@kkp.kz, web-site: www.kkp.kz
16	«Коммеск-Өмір» СК» АҚ	050000, Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19 т. (727) 279-06-12, 244-74-00, ф. 279-10-13 e-mail: almaty@kommesk-omir.kz

А.1-кесте жалғасы

1	2	3
17	«Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» АҚ	Алматы қ., Аль-Фараби даңғ., 19/1, Б/О "Нурлытау" блок 36, 9 қабат. т. (727) 311-07-77 e-mail: info@alac.kz, www.alac.kz
18	«Нұрбанк» акционерлік қоғамның еншілес ұйымы «Нурполис» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы	Алматы қ., Абай д-лы., 68/74 т. (727) 266-40-90, ф.266-40-94 e-mail: office@nirpolicy.kz
19	«Мұнай сақтандыру Компаниясы» АҚ	010000, Астана қ., Алматы ауданы, Барасақ көш., 15 (занды)Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 186 (нақты) т. (7272) 58-18-00 (01, 02), ф.58-18-01 (вн.1591) e-mail: info@nsk.kz> www.nsk.kz
20	«НОМАД Иншуранс» СҚ» АҚ	Алматы қ., Джумаиев көш,110(занды) Алматы қ.,Теле би көш, 101, Б/О «Далия» 4 қ. (нақты) т. 321-21-21, 321-20-00, ф.321-20-00 (вн.1007), e-mail: info@icn.kz
21	«СЕНТРАС ИНШУРАНС» СҚ АҚ	050008, Алматы қ., Шевченко көш., 157 В т. (727), 259-77-55, ф.259-77-66, e-mail: insurance@centras.kz
22	«ТрансОйл» СҚ» АҚ	050057, Алматы қ., М.Өзтүрік көш., 7а т. (727) 394-88-36, 394-88-35 e-mail: icransoil@ite.kze-mail: icransoil@ite.kz
23	«Чаритис Қазақстан Сақтандыру Компаниясы» АҚ (бұрынғы атауы - «ЭйАйДжен Қазақстан» Сақтандыру компаниясы) АҚ	Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 5, «Нұрлы Тау» Б/О, Корпус 2А, офис 202 т. (727) 259-93-22 / ф. 259-93-23, e-mail: kz@aig.com, web-site: www.chartisinsurance.com/kz
24	«Қзақстан Халық Банкі Еншілес ұйымы «Халық-Life» АҚ – бұрынғы атауы «Өмірлі сақтандыру бойынша Қазақстасқтандыру Еншілес ұйымы «Халық- Life» АҚ	050000, Алматы қ., Масағин көш., 26 т. (727) 244-62-22, Факс 244-62-23, e-mail: halylife@halylife.kz



А. 1-кесте жалғасы

1	2	3
25	«Kazkomerc-Life» ӨСК» АҚ («Kazkommeribank» АҚ-ның еншілес ұымы)	Алматы қ. Гагарин көш., 258 «в» т. (727) 244-56-06, ф.244-56-09 e-mail: info@kk.life.kz, www.kklife.kz
26	Өмірді Сақтандыру Компаниясы «Еуропалық Сақтандыру Компаниясы Акционерлік Қоғамы»	050059, Алматы қ., Фурманов көш., 248 т. (727) 244-36-80, ф.244-36-84 info@generali.kz 050010, Алматы қ., Қалдаяқов/Айтеке би к-сі, 34/79, 3 кабат Т (727) 222 11 98, ф. (727) 379 92 35 e-mail: info@grandes.kz
27	«Grandes» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Т (727) 222 11 98, ф. (727) 379 92 35 e-mail: info@grandes.kz
27	«Standard» Сақтандыру компаниясы» АҚ	050002, Алматы қ. Марков к-сі, 26/11а, Пирогов қылысы т. 8(727) 335-60-70, ф. 8(727) 335-60-71, e-mail: sk@stdi.kz
29	«НОМАД LIFE» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	050040, Алматы қ., Сәтпаев к., 30А, 1 корпус, 4 кабат Т. (727) 320-10-60, 320-10-61, ф.320-10-59, 378-00-02 info@nomadlife.kz, www.nomadlife.kz
30	«Архимедес – Қазақстан» медициналық сақтандыру компаниясы» АҚ	050051, Алматы қ., Пушкин көш., 83 ұй т. 8(727) 244-73-79, 278-41-11, ф. 8(727) 244-73-80 lyazzat.buranbayeva@archimedes.kz
31	«Цеснабанк» АҚ еншілес ұйымы «Цесна Гарант» Сақтандыру компаниясы» АҚ	050009, Алматы қ., Абай д-лы, 151/115 т. (727) 357-25-25, 3264 e-mail: a.ljusova@tsagarant.kz, www.tsagarant.kz
32	«Trust Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы	050000, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 150 БО «Кадам Инвест», 71 кеңсе т. (727) 390-11-59, 390-11-60, ф. (727) 390-11-58 e-mail: office@trustinsuranc.kz
33	«Asia-Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	050059, Алматы қ., Аль-Фараби д-лы, 17/1, 6/0 «Нұрлы Тару», блок -5Б, 10-қабат т.(727) 222-20-20

Лицензиялар: ЕЖС – ерікті жалғы сақтандыру; МС – міндетті сақтандыру; КСҚ – кайта сақтандыру

кызы

## Әдебиеттер

- 1 Банасинский А. Б. Страхование. – Санкт-Петербург. 2003. – 230 с.
- 2 Рейтман Л. И. Страхование дело. – Москва, 2012. – 215 с.
- 3 ҚР заңы «Сактандыру қызмегі туралы». 18.12.2007 жыл.
- 4 Ілиясов Қ. Қ., Құлпыбаев С. Қ., Қаржы. – Алматы : 2005. – 280 б.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы : ЮРИСТ, 2002. – 309 б.
- 6 Басаков М. И. Страхование дело в вопросах и ответах. Учебное пособие. – Ростов-на-Дону : «Феникс», 1999. – 576 с.
- 7 Сманов Б. «Сактандырудың экономикалық маңызы жән Қазақстанда қалыптасып даму кезеңдері» – Алматы : 2000. – 168 б.
- 8 Жуйриков К. К. «Қайта сактандыру» – Алматы : 2000. – 250 б.
- 9 Жуйриков К. К. «Қазақстандағы сактандыру күрделі мәселелер мен дамудың болашағы» – Алматы : 1994. – 230 б.
- 11 Шахов В. В. Страхование : Учебник для ВУЗов. – М. : Страховой полис. ЮНИТИ, 1997. – 311 с.
- 12 Гомелля В. Б. Основы страхового дела – М. : Финансы и статистика, 2003. – 548 с.
- 14 Никулина Н. Н. Страхование. Теория и практика, – М. : Юнити-Дана, 2008. – 511 с.
- 15 Маянлаева Г. И. Организация страхового дела в РК. – Алматы : ТОО «ЛЕМ», 2000. – 250 с.

## Мазмұны

Кіріспе	3
1 Туризм саласындағы сақтандыру нарығының пайда болу тарихы және туризмдегі сақтандырудың мәні мен мазмұны	4
2 Туризмдегі сақтандыру түрлері мен қызметтері	13
3 Қазақстандағы туризм саласының сақтандыру жағдайы	35
Қорытынды	64
А қосымшасы Глоссарий	65
Б қосымшасы Тесттер	69
В қосымшасы Сақтандыру ұйымдары	77
Әдебиеттер	81

Л. Ж. Ерубәева

**ТУРИЗМДЕГІ САҚТАНДЫРУ**

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шоқубәева  
Жауапты хатшы З. С. Исақова

Басуға 3.02.2017 ж.  
Әріп түрі Times  
Пішім 60x90/16. Офсеттік қағаз  
Шартты баспа табағы 4,72 Таралымы 300 дана  
Тапсырыс № 2949

«КЕРЕКУ» Баспасы  
С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64

